



Бекітемін:
ЖШС «Нур-Саят» Б/б менгерушісі:
Г.Батыркулова.

**"Нұр-Саят" бөбекжай-балабақшасы
ЖШС 2017-2018 оқу жылының
педагогикалық кеңестің хаттамалары**

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

4.09.2017ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде :

- 1 .2017-2018 оку жылшының жылдық жоспарын, күн тәртібін талдау, ұйымдастырылған оку қызметінің кестесін бекіту.
2. Жаңа үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктегі мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша 2017 жылға арналған әдістемелік ұсынымдармен таныстыру. Өтпелі тақырыптар арқылы білім беру процесін ұйымдастыруды жоспарлау.
(Әдіскер: Н.Умирбекова)
3. «Баланың танымдық қабілетін арттыру».Баяндама. Әдіскер Н.Умирбекова
- 4.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

ТЫНДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Жаңа оку жылшының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, ол сөзінде балабақшаның алдағы жылдық мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оку қызметінің кестесін бекітті.

Ол өз сөзінде былай деді:- Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз. Былтырғы жылдың мақсатына қараңда өзгерістер бар. Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

1. «Денсаулық» білім беру саласы.
Мақсаты: Өзінің денсаулығына қарайтын ,тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтайтын тұлға тәрбиелеу,мәдени –гигиеналық дағдыларын қалыптастыру,салауатты өмір салтына тәрбиелеу,белсенді қимыл - қозғалысын дамыту.

2. «Таным» білім саласы. Балаларды қоршаған органды, табигат әлемінің құбылыстарын зерттүге үйрету, логикалық-математикалық ойлауын дамыту., кеңістік, өлшем, бірлік,уақыт туралы негізгі түсініктегі жөнінде білімдерін жіктеу және реттеу іскерліктері мен дағдылары арқылы негізгі математикалық қабілеттерін дамыту.

3. «Шығармашылық» білім беру саласы -мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды шығармашылық- эстетикалы тәрбиелеуге, бала бойында эстетикалық

Эмоциялар мен сезімдерді дамытуға, музика, ән, бейнелеу өнері салаларында қарапайым білім, білік және дағды элементтерін қалыптастыруға бағытталған. КР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін, М.д. тәрбие мен оқытудың Үлгілік бағдарламасын негізге ала отырып оку тәрбие жұмысын жүргіземіз. Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша үйымдастырылған оку қызметтері өткізіледі – деп сөзін аяқтады.

ТЫНДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Умирбекова сөзге шықты. Ол өз сөзінде Жаңа үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктірі мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша 2017 жылға арналған әдістемелік ұсынымдармен таныстырып өтті. Онда бес сала бойынша жалпы топтарға арналған бақылау парагы, жеке баланың даму картасы, әдіскерге арналған жиынтық есеп толтырылатынын айтты. Тәрбиешілер электронды түрде, жазбаша бақылау парагында балалардың біліктірін 1,2,3 баллдық жүйеде бағалап, I-II-III деңгеймен қорытындылап, жеке даму картаға деңгейін мониторинг жасап динамикасын түсіріп, әдіскерге тапсырылатынын айтты. Әдіскер бақылау парагынан нәтижені есептеп, пайызбен, экзелмен балабақшаның жалпы бес сала бойынша қорытынды-жиынтық есебін шығарады деп түсіндіріп өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымды талқылады. Мектепке дейінгі үйымда осындай процесті үйымдастырудың ерекшелігі барлық аталған формалар жеке жүргілмейді, белгілі бір тақырыпты тандау оларды кіріктіруді ұсынады. Осылайша, мектепке дейінгі үйымда «өтпелі» тақырыптар арқылы білім беру процесін үйымдастыру барлық білім беру салаларын, балалар әрекетінің алуан түрлерін бірыңғай кеңістікке кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Демек, педагог өз әрекетін баланың дамуын, оның қызығушылықтарын бақылай отырып жоспарлайды. Перспективалық жоспарлаудың құрылымы қырқүйектен мамырға дейін барлық оку жылына көзделген 9 өтпелі тақырыптар бойынша үйымдастырылған (соның ішінде 4 тақырыпша). Әр тақырып бір айдың ішінде оқытылады, - деп тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

ТЫНДАЛДЫ: Ушінші мәселе бойынша яғни «Баланың танымдық қабілетін арттыру» атты баяндаманы әдіскер Н.Умирбекова оқыды.

ТЫНДАЛДЫ: Келесі мәселе бойынша яғни, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды.Ол өз сөзінде :

Откен кеңесте шығармашылық жұмыстарының есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім.Іздену,даму,енбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық,жаңа технологияны менгеруге ұмтылып,қызықты етіп,педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын ,ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді менгеруге ,жүргізуге бет бұру керектігін айтқанмын.

Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздел ,жинақтап,жаңа түрғыда байланыстар тауыш ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін-деді.

Шешім :

- 1.Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары,күн тәртібі мен үйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуіне бақылау жасау әдіскер Н.Умирбекова жүктелсін.
2. Жаңа үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг 2017-2018 жылға арналған әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілсін.
3. 2017-2018 оқу жылына өтпелі тақырыптар бойынша үйымдастырылған оқу қызметтері үйымдастырылсын.
4. Балалардың таным дағдыларын калыптастыруда жан-жақты ізденіп, жаңа әдіс-тәсілдер ескерілуі тәрбиешілерге тапсырылсын.
5. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай ізденіп,материалдар жинақтауды жалғастырысын. Жауапты: тәрбиешілер.

Төрайымы:
Хатшы :



Г.Батыркулова
А.Серикбаева

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

13.10.2017ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде:

1. Откен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Баланың сөздік корын байыту және байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі» II кіші топ. Такырыпты тексерудің қорытындысы.
3. «Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу» (Баяндама) Н.Таспұлатова.
4. «Күз береке, күз мереке» атты такырыбына арналған көрме.
5. Ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

ТЫНДАЛДЫ: Откен кеңестердің шешімдерінің орындалуы жөнінде бөбекжай-балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды : Откен кеңесте атап өткендегі жылдық міндеттеріміз «Денсаулық» және «Таным», «Шығармашылық» салалары етіп берілген. Демек оқу – тәрбие үдерісінде осы салалардың мақсат, міндеттеріне мән береміз. «Денсаулық» саласында таңертенгі жаттығудан бастап, сауықтыру шаралары спорттық мерекелер, қимылды ойындар, дene шынықтыру сабағы медбикенің қатысуымен өткізіліп, баланың физикалық және психологиялық дамуына жағдай жасаймыз. Және балаларды ойынға , қимыл – қозғалысына ықылас – ынтасын арттыратын құралдар мен, атрибуттармен толықтыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырамын. Қимыл қозғалысқа сәйкес сазды – әуендер жинағын тауып, үнтаспаға жаздырып, жұмыс жасаңыздар.

Ал «Таным» саласы бойынша балаларды қоршаған ортаны, табиғат әлемінің құбылыстарын зерттеуге үйрету, логикалық-математикалық ойлауын дамыту, кеңістік, өлшем, бірлік, уақыт туралы негізгі түсініктері жөнінде білімдерін жіктеу және реттеу іскерліктері мен дағдылары арқылы негізгі математикалық қабілеттерін дамыту. Әрбір топтарда табиғат бұрыштарын бөлме гүлдермен толықтырып, балабақша ауласына серуенге шыққанда табиғатқа бақылау жасап, ауладағы гүлдерге су құйып, түскен жапырақтарды теріп, балаларды енбекке баулу керек. «Таным» саласы бойынша топтарда қарапайым математика бойынша қолданатын дидактикалық материалдар көрмесін ұйымдастыру керек. «Шығармашылық» білім саласы бойынша музика арқылы

баланың есте сақтау, зейін, музыкалық орындаушылық қабілеті дамиды. Музыка жетекшісі балаларды ерте жастан музыканы қабылдай білуге үйрету керек, оны тыңдай біліп орындауға, ән айтып, би билеуге үйрету керек. Балабақшада өткізілетін әртүрлі музыкалық шараларға балалармен бірге үлкендерді ата-аналарды қатыстыру керек. Баланың дарының дер кезінде байқап, оны дамытуға мүмкіндік жасау керек. Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады. Жас ерекшеліктеріне қарай әр топта белгілі бір әдістерді үйрету керек. Сурет салудан дәстүрден тыс әдістерді қолдана отырып балаларды қызықтыру қажет. Мысалы кіші топтарда балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйретсек, ересек топтарда қағазды екі бүктеу арқылы тутікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, балауызды қолдана отырып сурет салуды үйретеміз. Үйде, далада қаншама қажетсіз заттар бар, солардан қалағанша заттар жасап көрме ұйымдастырайық.

ТЫҢДАЛДЫ:II – II кіші топ тәрбиешісі Н.Таспұлатова «Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу» атты баяндамасын оқыды. Баяндамада көркем суреттермен таныстыру балаларға қуаныш, көтеріңкі көңіл – күй сыйласп, жағымды эмоционалдық жағдайын қамтамасыз етеді. Педагог шығармамен таныстырғанда мазмұнын мақсатымен толықтырып, баланың дамуындағы міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді. Көркем шығармаларды, көркем суреттерді көру кезінде әр түріне көңіл бөлінеді. Өйткені ол қиялды, фантазияны дамытуға өз – өзіне сенімділікті, жетістік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

ТЫҢДАЛДЫ: Келесі мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды : Ол өз сезінде бейнелеуге үйретуден қолданылатын техникалық әдістерді талдауда пікір алмасуға шакырды. Өнімді іс – әрекеттер ішінде сурет салу бояумен, карындаш, саусақ, далап, жіп, балауыз, ермексазбен салу қарастырылған. Өз іс – тәжірибелерізден немесе қандай әдістемелік – құралдар пайдалану тиімді, әрі қолайлы да, балаларға қызықты екенін айтып, тәжірибе алмасып отырайық деді.

I- кіші тобының тәрбиешісі М.Узенбаева сөз алды. Сурет салудың техникасын менгеруде әрине балалардың бірінші қағаз бетін бағдарлауға көңіл бөлуіне назар аударамыз. Өзім үлгіні көрсетіп беремін. Мысалы : жібі бар шардың суретін салатын болсақ, жіпті бірінші саламыз, сосын оған шарды саламыз. Шарды жіптің жоғарғы нұктесін алып, онға, сосын жоғары барып, солға бұрыла отырып, алғашқы нұктеге ораламыз, домалақ етіп аяktаймыз.

Жіпті сызуға қоңыр немесе қара қарындаш береміз, шарға қызыл , жасыл түстегі қарындаштар береміз, егер қылқаламмен салсақ, ауада салып қолымызды үйретеміз, бояуды ұқыпты пайдаланамыз. Бір затты салсақ, бір түсті бояу беремін біздің топтың балаларына саусақтың ізімен сурет салу әдістері үнайды. Саусакпен дақтар түсіріп, трафарет қойса, алғашқыда таңқалатын , сосын үйренді, қазір қандай сурет шығады апай деп , сұрайтын болды.

II – кіші топтың тәрбиешісі Г. Нуранова: Менің бірінші мақсатым, сурет салуға мүмкіндік жасау, баланы қолжетімді бейнелеу құралдарына бейімдеу, қағаз бетін қарындашпен тоқылдату арқылы дақ түсіру, сыйыктар жүргізу, не шыққанын баладан сұрау. (шарбак, күн, гүлдер т.б) Сонымен қатар қағаз бетіне дақ түсіру, бояу жағу әдістерін пайдаланудамын. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ықыласына қарай үйымдастыруға әрекет етемін.

ТЫНДАЛДЫ: Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық үйымдастырылған оқу іс – әрекеті талқыланды.

ІІ- кіші топта тіл дамытудан өткен «Әркімнің үйі әртүрлі» Н. Умирбекова оқу кызметі жөнінде әдіскер Н. Умирбекова сөз алды: Тәрбиешінің дайындығы жақсы сабактың құрылымы да балаларға қызықты әрі тартымды. Басқа білім салаларымен байланысы үнады. Балалар әнде айтты, суретпен әнгіме құрастырды, саусакпен сурет салды, үй құрастырды, бірақ шығармашылықтың құрастыру мен суреттің біреуін алғаны дұрыс деп ойлаймын, жас ерекшелігіне қарай, себебі оқу жылының басы әле әдіс – тәсілді балалар толық менгермеген. Сөйлегендер :

Ортанғы топ тәрбиешісі А. Серикбаева: топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Балалардың сөздік корын байыту, тіл байлығын дамыту мақсаттары қойылған. Балалар жалықкан жок, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Шешім :

1. Балаларды көркем сурет туындыларымен таныстыруда баланың дамуындағы міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етілсін. Жауапты : жалпы педагогтар
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай сурет салу техникалық әдістерін және дәстүрден тыс түрлерін педагогикалық үдеріске енгізу. Жауапты : тәрбиешілер
3. Сурет сабағына көрнекіліктер міндетті түрде толықтырылсын. Жауапты : әдіскер Н.Умирбекова және тәрбиешілер.
4. Тәрбиеші З.Шотанованың сабағының әдіс – тәсілдері оку – тәрбие үдесінде пайдалылсын.

Тәрайымы:  Г.Батыркулова
Хатшы :  А.Серікбаева

Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

13.12.2017ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде:

1. Откен пед.кеңестің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту және сабактастық жолдары» (Дөңгелек үстел)
3. Сенсорика мен құрастыру жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізудегі көрнекіліктер көрмесі.
4. «Баланың сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі» II кіші топ. Тақырыпты тексерудің қорытындысы.
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.
6. Жарты жылдық мониторингі

ТЫНДАЛДЫ: Откен кеңестің шемімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сез алды. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының «Қатынас» саласының міндегі коммуникативтік – тілдік құзіреттілік – бұл баланың құрбылармен және ересектермен еркін қарым – қатынас жасай білуі, ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс, сауатты айта білуген тырысуы, яғни оларды ана тілінде еркін және дұрыс сөйлеуге үйрету жәнекеркем шығармаларға қызығушылығын қалыптастыру кіші топтың тәрбиешілері балалардың тіл белсенділігін дамытуда тәрбиешілер көп жұмыс атқаруы тиіс.

ТЫНДАЛДЫ: Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Серикбаева сез алды : Балалардың тілін дамыту үшін суреттерді кеңінен пайдаланамын. Жеке заттар әрекеттегі және сюжеттік заттар бойынша суреттерді ұсынамын. Қойған мақсатына байланысты ең бірінші суретте ненің бейнеленгенін толық айтып беремін, әнгіме барысында балаларға сұрақтар коямын. Мысалы, Ертеде Зейнеп деген қыз даラға қыдыруға барыпты, ол құстарға жем шашып жатыр. Қандай құстарды көріп тұрмыз? Үлкен құстар – көгершіндер, кішкентай құстар – торғайлар. Балалар тәжірибеге сүйеніп, өз қызметтерін атқарады. Балаларға сол суреттерді қайта ұсынамын. Әрине әнгіме құрастырган кезде сөйлеудегі дауыс аппараты сөйлеу арқылы тыныс алуына, сөздіктерді қалыптастыруына, байланыстырып сөйлеуіне мән беремін. Сонымен бірге тобымызда сурет салудың техникаларын

менгеруде балалармен жұмыс жүргізудеміз. Ынғайлы етіп дамытушы орта күрып тақырыпқа сай көрнекіліктер пайданамыз деді.

ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі : Г.Батыркулова сөз алды. Бөбектерімізді жан – жақты дамыту мемлекеттік стандарт талаптарында бағдарламада көрсетілгендей біздің балабақшаның жылдық мақсаттарының бірі балалардың денсаулығын нығайтуда таңертенгілік жаттығулар, жалпы дамыту жаттығулары, негізгі қимыл жаттығулары, қымылды ойындар, сауықтыру шаралары, спорттық мерекелер, гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жүзеге асуга. Осы жұмыстардың нәтижесінде балалардың дene бітімі қалай қалыптасада, қалай жүруде? Балабақша медбикесі С.Садыбекова кезек береміз.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша медбикесі С.Садыбекова сөз алды. Сау дene қалыптастыруға арналған әрекеттер сапасы, балаларды дene көрсеткіштерінің сарапталуы жөнінде есеп берді. Балабақшаға балаларды қабылдаған күннен бастап, денсаулығына қауіпсіздігіне жауаптымыз. Ата – аналардан баланың денсаулығы, көңіл – күйі жайлы сұрауды ұмытпайық. Сонымен қатар балаларға жәндіктермен өсімдіктерден сақтануға, суға жақын барса бататынын, отты ұстаса күйетінін түсіндіремін. Ойын аланында абылауға ескертіп, бақылаймын. Сонымен бірге сау дene қалыптастыруға арналған әрекеттерді атап өтсем салмағы аз, көп денсаулығы жоқ балалармен жұмыс, әр тоқсанда 1 рет участекелік балалар дәрігерімен денсаулығын тексеруден өткізу жұмыстары жүргізілді.

Балаларымыздың қабылданған күнгі салмағы мен бойында өсу деңгейі байқалады. Салмақтарына әр тоқсанда 1,5 – 2 кг аралығында өсіп бойларыда біршама өскен, әр топқа әр балаға жеке тексерулер жүргізіліп, карта толтырылған деді.

ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбиеші А.Серикбаева сабак таза ауада ұйымдастырылды. Тәрбиеші балалар мен жаттығуларды әуенмен орындағы. Жалпы дамыту жаттығуларын біркелкі жасауға әрекеттенді. Сабактың мақсаты да балалардың жас ерекшелігіне сай алынған. Негізгі қимыл жаттығуларында балалар еркін, батыл жасады. Өздерін көңілді ұстады. Ойынға да ықыласпен қатысты. Тәрбиешіні тыңдал, тапсырманы орындағы.

Балабақша әдіскері : Н.Умирбекова сөз алды. Жалпы дene шынықтыру сабағында балалардың киімі, аяқ киімі өздеріне ынғайлы болуға тиісті. Құралдардың орналасуы дұрыс. Үлестірмелі материалдар бала санына

жеткілікті. Басқа сабактарға қарағанда денешының тыру сабағында тәрбиеші бүйрықты түрде дауыс ырғағын көтеріп сөйлеуге тиісті. Балалар қимылы маршқа сәйкес келуді қадағалауды тапсырамын. Бала марш ойналғанда бойын тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қадамын нық басу керек.

Шешім :

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуын іске асыру. Жауапты : тәрбиешілер
2. Балалардың дене дамуының дұрыс қалыптасуын жыл бойы қадағалансын. Жауапты : медбике С.Садыбекова
3. Оку – тәрбие үдерісі кезінде балаларды қауіпсіздік мінез – құлық дағдыларының қалыптасуы жүйелі жоспарланып жүргізілсін.

Тәрайымы:
Хатшы:



Г.Батыркулова
А.Серикбаева

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

21.02.2018ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед.кеңестің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Балалардың ұсақ қол моторикасын ойын арқылы дамыту»
3. Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы. Тақырыптық тексерудің қорытындысы.
- 4.«Ертегілер елінде» атты тақырыбында көрме

ТЫНДАЛДЫ: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Ол өз сезінде бұлдіршіндеріміздің балабақшада жан – жақты құзіреттіліктөрі қалыптасуында бес сала бойынша оқу – тәрбие үдерісі жүруде. Балаларға жатын бөлме, ойын бөлмелері, ойын алаңы қауіпсіз, әрі ыңғайлы да қызықты талапқа сай болу үшін еңбек ету деміз. Құнарлы тамақтануы, тазалығы қадағалануы. Олардың дene дамуының көрсеткіштерін қадағалап отырамыз. Ата – аналармен байланысып, кеңестер береміз. Жазғы мезгілде таза ауада қыдыру, шомылу, дәрумендерді, жемістерді көбірек беру, оның пайдасы жөнінде кеңестер берілсін, жылжымалы папкалар жасалып, ата – аналармен әнгіме сұхбат дөнгелек үстелдер өткізіп, кеңестер беріңіздер.

ТЫНДАЛДЫ: Келесі мәселе «Балалардың ұсақ қол моторикасын ойын арқылы дамыту» тақырыбында пікір алмасу жөнінде балабақша менгерушісі Ж.Киятаева. сөз алды : Жалпы педагогтар қауымы заман талабы мен ағымына байланысты ізденіп, даму үстінде болуы керек. Кез – келген маман иесі дамуы, ізденуі қажет.

Ал, Карл Маркс болса : - Өзін – өзі тану, өз бетінше даму – даналықтың белгісі деп көрсеткен. Бүгінгі пікір алмасу тақырыбы да осы «Өзін – өзі дамытуды басқару құзіреттілігі» Ұжымда педагогтар бірін – бірі тәрбиелейді, тәжірибе алмасады , тәлімгер тәрбиешілер жас мамандарға көмек

көрсетеді. Бірақ жеке тұлға ретінде өзі ізденіп, өзін – өзі дамыту әрекеттері қалай ? Өз пікірлерінізді білдіріңіздер.

Ортаңғы «Нұршуак» топ тәрбиешісі А.Серикбаева сөз алды : тәрбиеші баланың ақылшысы, қорғаушысы, досы бола отырып, жауапкершілікті өз мойнына алады. Балаға жан – жақты тәрбие беруі үшін өзі де жан – жақты болуы қажет. Балалар үшін бәрі жаңа, бәрі қызық. Оларға жас ерекшелігіне сай тұра жауап, түсінікті ұғым беруіміз қажет. Алған жауабына бала қанағаттануы қажет. Біздің топтың балаларының сұрақтары да үнемі бізді қоршаған ортамен байланысты, табиғат, акпарат құралдары жөнінде болады. Ал адам әрине өзін – өзі дамытуы қажет деп білемін.

ТЫНДАЛДЫ: Келесі «Әлеумет саласына арналған әдебиеттер» көрмесі жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды . Ол өз сөзінде : мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының «Әлеумет» білім беру саласының максаты : «Әлеуметтегі жағымды міnez – құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, үлкендерді құрметтеу». Осы білім беру саласының міндеттері – балабақшамызда орындалуының нәтижесі, жолдары қалай үйімдастырылуда? Жалпы көрме үйімдастырудагы басты мақсатымыз да сол, кездесетін проблемалар, қажетті әдебиеттер мен көрнекіліктер сапасы мен санын анықтау еді. Жалпы балалардың отбасы, ұжым, қоғамды тану тәжірибесі жөнінде не айтасыздар ? – деді.

Сөйлегендер :

II – кіші «Балауса» тобының тәрбешісі Г.Нуранова сөз алды : Сәбілерге әлеуметтік тәрбие беруде олармен отбасы жөнінде әңгімелескенде :

- отбасы мүшелерінің немен шұғылданатынын айта білуі
- көршілердің атын айта білуі
- үлкендерді силау
- өз үйінің тұрган жерін айту
- алғыс айта білу туралы әңгімелер ,суретпен альбоммен әңгімелер, санамактар айту, бейнетаспалар көру арқылы, нәтижеге жетуге әрекеттенеміз.

Ортаңғы «Нұршуак» топ тәрбиешісі А.Серикбаева сөз алды : мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік дамуында этикалық, қарапайым ережелерін менгеруде (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, дастархан басында өзін дұрыс ұстау т.б) сияқты ережелерге мән береміз. Біздің топтың балалары ересектеу

болғасын менгерген. Ал балаларды (қоғамда әңгімелесу, суреттер арқылы әңгімелесу, ертегі , аныз әңгімелер оқып беру, қоршаған ортамен таныстыруда бейнетаспалар, альбомдар көру, серуенге шығу арқылы.

- мемлекеттік ту мен ән ұранды білу
- ұлттық мереке, салт – дәстүрімізді білу
- еліне , халқына деген сүйіспеншілігін ояту
- адамдардың жасына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамай, силауға тәрбиелеу.
- басқа ұлт – өкілдерін, мәдениетін таныстыру мақсатт арына жетуге ұмтыламыз.

Шешім :

1. Отken кеңесте шешімдерінің орындалуы кадағалансын. Жауапты әдіскер Н.Умирбекова
2. Инклузивті білім беруді қажет ететін топтар баяндамада аталған проблемалар мен жолдарына мән беріп, балалар оку – тәрбие ісінен шеттетілмесін, жалғасын тапсын.
3. Эрбір педагог өз белсенділігін зерттеп, зерделеп, жетістіктерге жетуге, дамуға әрекет етсін.

Тәрайымы:
Хатшы :



Г.Батыркулова
Н.Умирбекова

Педагогикалық кеңестің № 5 хаттамасы

16.05.2018ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде:

- 1.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
- 2.Корытынды мониторингі туралы. Жан-жақты тексерудің корытындысы.
- 3.Оку жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.
- 4.Балалардың ұжымдық жұмыстарының көрмесі
- 5.Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту

ТЫНДАЛДЫ:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Ол өз сөзінде «Педагогикалық кеңестер» мақсаты – педагогикалық үдеріс сапасын жақсарту, қарастыру болып табылады. Педагогикалық үдеріс сапасын көтеружұмысымызда тиянақты жан – жақты қамтылған болу керек. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық – гигиеналық жағдай жасалып, ұйымдастырылған оку іс – әрекетінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық, психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп, өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алу керек.

Өткен кеңесте педагогтармен өзін – өзі дамыту жөнінде әнгіме қозғадық. Эр тәрбиеші өзін – өзі зерттеп, зерделеп ойлансын дегенбіз. Сол жөнінде ойларыңызды ортаға салсаныздар.

Сөйлегендер :

Тәрбиеші Г.Нуранова: мен өзімді жас маман, тәрбиеші ретінде, балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерден үйренерім әлі көп. Ұйымдастырылған оку іс – әрекетінде қолданылатын әдіс – тәсілдер, құралдарды пайдалану, сөз мәнері , балаларды ұйымдастыруы бәрі мен үшін үлгі әрі даму.

Тәрбиеші Н.Таспұлатова: жалпы әрбір адам өз мамандығын менгерген, белсенді, белікті, маман иесі болудың өзі - даму. Мысалы : балабақшада өткен

педагогикалық кеңес, семинар сабақ, ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекетіне қатысу, пікір талас, тренингке қатысу біз үшін көп нәрсе береді. Оған қоса, ән айту, өлең окуды ұнатамын, жаңыма жақын болғасын оны шетте қалдырғым келмейді. Атқаруға тиісті міндеттерден басқа, өнер де адамға артықтық етпейді деп ойлаймын.

ТЫНДАЛДЫ:Қорытынды жылдық мониторинг туралы балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі жауапкершілікті талап ететін мамандық осы мамандықты менгеру үшін алдымызда жауапкершіліктің тұрганын ұмытпайық және ізденіп, жан – жақты болуымыз керек. Демек өзін – өзі басқара алатын ой – қиялына бай, бейнелеп сөйлей алатын қол өнерді менгерген ұйымдастырушылық қажеті бар сауатты, тіл байлығы мол, мәдениетті саналы болуы керек. Саналы тәрбие мен сапалы білім беруде деңгейіміз қандай? Откенде жарты жылдық еңбегімізді сараптап, баға берген болатынбыз. Ал енді бір жылдық қорытынды балмен таныстырып өтейін.

Тәрбиеші А.Серикбаева 3,0 балл, Н.Таспұлатова 2,9 балл, Г.Саттарова 2,8 балл жинады. Бұл сараптау кезінде тәрбиешілердің оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда барлық жұмыс түрлері қаралады. Ата – аналармен жұмыс, топты безендіру, жоспар жазу мәдениеті, өзін – өзі басқаруы, балалармен тіл табысуы, ойын - еңбекті ұйымдастыру жұмыстары ескерілген. Келешекте әр педагог өз жұмысындағы кемшілігін, осал тұстарын ескеріп, жұмыс жүргізілсін деп тапсырамын – деді. Көп еңбектенуі қажет, өз ісіне адал және білікті маман болуға әрекеттенуі керек деді.

ТЫНДАЛДЫ:Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша тәрбиешілер өз шығармасының тақырыбына сай етіп есеп берді.

Сөйлеген ортаңғы «Нұшуақ» тобының тәрбиешісі А.Серикбаева сөз алғып : менің тақырыбым «Көркем әдебиетті таныстыруда түрлі ойындар мен шығармашылық пен әрекеттермен жаңдандыру» шығарманы оқып, тандалғаннан кейін оның мазмұнын балалар әрекетінің түрлері : ойын, театрландыру, өнімді әрекеттер, сурет жаспасыру, мүсіндеу, коллаж арқылы жаңдандыру. Бірінші кішігірім әңгіме окудан ән өлеңмен таныстыру, жаттаудан басталады. Апта бойына ойындар, әрекеттер тақырыбы оқылған, ертегі әңгімелермен байланысты етіп аламын. Бала өзінің барлық ойлағанын қоршаған ортадан алған әсерін тірі бейнеге немесе әрекетке енгізуге тырысады. Рөлді

ойнап қызығып, еліктеп зор рахатқа бөленеді. Сосын бала мәтінді есте сақтап қалады, әрі ойын барысында оны оңай айтып шығады. Көп саусақ ойыны санамактар, тақпактар өтемін және де де өнімді іс – әрекеттермен байланыстырамын. Балалардың қызығушылығы артады, және есіне сақталып қалады.

II кіші «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Н. Таспулатова сөз алып : менің шығармашылық тақырыбым «Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы дамыту». Мақсаты - қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыруды сөздік қорын байыту, ойын барысында зат есім, етіктік, сын есімдер арқылы қатысты сөздермен байыту заттардың бөлшектерін атап. Мысалы : көйлектің жейденің жағасы түймелерін атай білу. Сонымен бірге заттарды топтастыра атай білуге арналған ойындар ойыншықтар, киімдер ыдыс – аяқтар сияқты «кім не істеді», «бұл кай кезде болады», «қай жерде не бар», «керісінше еркелептіп ата», «сөз қос» деген ойындар арқылы балалардың сөздік қоры байып, ой – өрісі , тіл байлығын дамыту.

ТЫНДАЛДЫ: Келесі мәселе «Балалардың ұжымдық жұмыстарының» көрмесі жөнінде II – кіші топ тәрбиешісі Н. Таспулатова сөз алды. Біздің II – топта шығармашылық саласынан ұжымдық жұмыстары көбіне жapsыру сабағынан, саусақпен сурет салу, түрлерін жасады. Өйткені балаларға жұмыс істеудің осы түрі қызық. Саусақпен сурет салуда трафаретпен жасау, гүлдер, жануарлар шықса, олар қатты қуанады. Жұмыстың нәтижесіне таңдана қарайды. Мына ұжымдық жұмыс тақырыбы «Үй құстары», «Балалар біреуі әтеш, шәже, тауық, қаз, үйрек» шақырғанда ауладағы үй құстары жиналады. Сол сияқты «Біздің аула», «Ауылым» тақырыбында жapsыру жұмыстары жалпы шығармашылық «Жасыл шырша» жұмысында балалапр өте қызыға ықыласпен орындаиды. Үлкен шыршаға ұсақ ойыншықтарды жapsырып, безендіреді.

Көрме жұмыстары бойынша балабақша менгерушісінің м.у.а М. Мурзабекова талқылап өтті. Ұжымдық жұмыс ұйымдастырғанда біз нені мақсат етеміз. Балаларымыз ұйымдастырып, достарымен бірге жұмыс жасауға құрдастары мен қарым – қатынас орнатады. Қарым – қатынас арқылы тіл байлығы, адамгершік, достық, шыдамдылық қасиеттеріңізге тасады. Жұмыстарыңыздың сапалы болуын кадағалаңыздар.


ТЫНДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру жұмыстарын бекіту. Балабақша менгерушісі Г. Батыркулова балалармен жазғы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруды жазғы

маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамыз. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық.

- ауа және күн ванналарын қабылдау
- жалаң аяқ күм үстінде жүру
- кимылды ойындар
- мерекелер
- туылған күндер
- ертегілер қойылымы
- еңбекке баулу
- спорттық жарыстар үйімдастыру

Шешім :

1. Откен кеңес шешімдері орындалуы қадағалансын. Жауапты әдіскер : Н.Умирбекова
2. Тәрбиешілер алдағы уақытта шығармашылық жұмыстарының тақырыптар бойынша ізденіс жұмыстары толықтырылсын. Жауапты : Тәрбиешілер
3. Оку – тәрбие жұмысын үйімдастыруда жан – жакта, жүйелі үйімдастырылсын.
4. Сапалы ұжымдық жұмыстар ата – аналар жиналышында көрмеге қойылсын. Сапасын ескеремін.

Тәрайымы: 
Хатшы : 

Г.Батыркулова
А.Серікбаева



Бекітемін:

ЖПС «Нұр-Саят» Б/б менгерушісі:
Г.Батыркулова

**"Нұр-Саят" бөбекжай-балабақшасы
ЖШС 2018-2019 оқу жылының
педагогикалық кеңестің хаттамалары**

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

4.09.2018ж

қатысқандар-12

Күн тәртібінде :

- 1 .2018-2019 оқу жылының жылдық жоспарын, күн тәртібін талдау, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі жаңалықтар, өзгерістер мен толықтырулар». Оқып танысу, талқылау. Әдіскер Н.Умирбекова.
«Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар.» Отпелі тақырыптар арқылы перспективалық жоспар құру, білім беру процесін ұйымдастыруды жоспарлау Әдіскер Н.Умирбекова
- 3.Жазғы сауықтыру шараларының есебі.
- 4.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

1.Тындалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, ол сөзінде балабақшаның алдағы жылдық мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті.
Ол өз сөзінде былай деді:-«Отken жылы балабақшамыздың негізгі мақсаттары етіп «Денсаулық», «Таным» және «Шығармашылық» салаларын белгілегенбіз. Денсаулық саласы бойынша денсаулық бұрыштары, шынықтыру шаралары бойынша оқу құралдары, көрнекіліктермен толықтырылды. Ата-аналармен бірге түрлі эстафеталық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Таным» саласы бойынша жыл мезгілдеріне арнап табиғат бұрыштарын жасадық. Түрлі сенсорикалық ойыншықтармен толықтырылды. «Шығармашылық» саласы бойынша түрлі көрмелер ұйымдастырылды. Осы салалар бойынша әлі де жұмыстар жүргізілуі тиіс, сондыктan биыл да осы білім салаларын қайта алып отырмыз.

Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр топқа арналған күн тәртібін және сабак кестесін түздік.Белгіленген күн тәртібін сақтап,жұмыс жүргізесіздер, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі ұзактығы сақталуы туіс.Ата – аналарды, балаларды күн тәртібі бойынша жүруге дағылданырайық.
Балалардың сабакқа, ойынға ықыласын арттыруда көрнекіліктер, ойыншықтардың атқарар рөлі зор. Ұйымдастырғанда көніл бөліп, жауапкершілікпен қарауларының талап етемін» деді.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

1. «Денсаулық» білім беру саласы.

Мақсаты: Өзінің денсаулығына қарайтын, тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтайтын тұлға тәрбиелеу, мәдени –гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, белсенді қимыл - қозғалысын дамыту.

2. «Таным» білім саласы. Танымдық іс-әрекеттің дағдыларын менгерген, әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлықпен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлға тәрбиелеу, сана сезімін, ой-өрісін, қиялын дамыту және өзін-өзі тану арқылы балалардың танымдық пен әлеуметтік күзыреттіліктеріне тәрбиелеу.

3. «Шығармашылық» білім беру саласы -мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды шығармашылық-эстетикалы тәрбиелеуге, бала бойында эстетикалық эмоциялар мен сезімдерді дамытуға, музыка, ән, бейнелеу өнері салаларында қарапайым білім, білік және дағды элементтерін қалыптастыруға бағытталған.

КР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оку тәрбие жұмысын жүргіземіз. Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша үйімдастырылған оку кызметтері өткізіледі – деп сөзін аяқтады.

2. Тындалды : Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Умирбекова сөзге шыкты.

Ол өз сөзінде : « Мектепке дейінгі тәрбие мен оку жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі жаңалықтар, өзгерістер мен толықтырулар» жайлы оқып таныстырыды. 2018-2019 оку жылындағы мектепке дейінгі үйімдардың басты басымдылықтағы мақсаты жайлы оқып өтті. Балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу; «Рухани жанғыру», «Тұған жер» бағдарламалары аясында жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу;

- балалардың ерте жастан әлеуметтік дамуы мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

Типтік оқу жоспары

«Казак тілі» (Орыс тілі) ҰОҚ оқыту сағаты вариативтік компонент есебінен үлгайтылады:

- П кіші топта - 0,5 с болса. (1 с. болады);
- ортаңғы топ- 0,5 болса. (1 с. болады);
- ересектер тобында - 1с. болса (2 с. болады.)

- Оқыту қазак тілінде жүргізілетін 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын таныстырып өтті.
- ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР өтпелі тақырыпқа негіздей бір жылға жоспарланады.
- ЦИКЛОГРАММА әр аптаға
- БЕС БІЛМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ҮОҚ ЖОСПАРЛАРЫ
- МОНИТОРИНГ келесі бағыт бойынша жүргізіледі: - әр баланың даму көрсеткіші;
- - топтың даму көрсеткіші;
- - мектепке дейінгі үйым балаларының даму көрсеткіші;
- - аудан, қала, облыс, республика бойынша баланың даму көрсеткіштері.

Өтпелі тақырыптар арқылы песпективалық жоспар құру, білім беру процесін үйымдастыруды жоспарлауды айтып өтті.

Тындалды: Ұшінші мәселе бойынша яғни «Мектепке дейінгі үйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдарды әдіскер Н.Умирбекова оқып өтті.

Ұйымдастырылған оқу қызметі барлық топтарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес өткізіледі. Педагог білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады.

Балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы және т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған Циклограмма құрастырылады. Циклограмма құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрастырылады.

Педагог өтпелі тақырыптарға сәйкес ойындар өткізіп, үйымдастырылған оқу қызметіне дайындалады,

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Циклограммада анықталған тақырыптарға сәйкес өткізіледі. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу үшін педагог алдын-ала қажетті әдебиеттерді, оқу-әдістемелік кешендерді, суреттерді, ойыншыктарды, аудио-бейне материалдар және т.б. дайындау алуы қажет. Олар өтпелі тақырыпқа сәйкес және білім салаларын кіріктіруді қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы:

I. Кіріспе бөлім (тақырыпқа ену, өткен материалды қалай игергенін білу үшін жетелеуші сұрақтар, жаңа тақырыпқа біртіндеп көшу).

II. Негізгі бөлім (жаңа тақырыпты ашу).

III. Қорытынды бөлім (қайталау және бекіту).

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда «өтпелі» тақырыптар арқылы білім беру процесін ұйымдастыру барлық білім беру салаларын, балалар әрекетінің алуан түрлерін бірыңғай кеңістікке кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Демек, педагог өз әрекетін баланың дамуын, оның қызығушылықтарын бақылай отырып жоспарлайды. Перспективалық жоспарлаудың күрылымы қыркүйектен мамырға дейін барлық оқу жылына көзделген 9 өтпелі тақырыптар бойынша ұйымдастырылған (соның ішінде 4 тақырыпша). Әр тақырып бір айдың ішінде оқытылады,-деп тәрбиешілерге тағы да бір түсіндіріп өтті.

4. Тындалды тәрбиеші Б.Сарсенбаева, Г.Нуранова «Жазғы сауықтыру шараларының туралы есебі .

Жаз мезгілі бала өмірі үшін өте қызықты, маңызды кезең екенін, балалардың денсаулығын нығайту үшін атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жазғы күн тәртібі бекітіліп, оқу іс-әрекеттер, дene шынықтыру мерекесі, апталықтар өткізілгенін айттып өтті. Балалар шығармашылығын дамытуға сурет көрмесі, асфальтта сурет салу, ән-би кеші, сондай ақ дene шынықтыру мерекесі және балалар тілін дамытуға арналған театрлар апталалықтар өткізілгенін, бұл іс шараларға балалар белсенді қатысқанын айттып өтті.

Пікір білдірді: менгеруші Г.Батыркулова тәрбиешілердің жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыстарының өтілуін қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды. Ұжым педагогтары б ұл ұсынысты қуана құптайтындықтарын білдірді.


5. Тындалды: Келесі мәселе бойынша яғни, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша менгерушісі Ш.Бектибаева сез алды. Ол өз сезінде :

Отken кеңесте шығармашылық жұмыстарыныңға есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сезге тиек еткен едім.Іздену ,даму,еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденип жұмыс жасайық,жаңа технологияны менгеруге ұмтылып,қызықты етіп,педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын ,ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді менгеруге ,жүргізуғе бет бұру керектігін айтқанмын.

Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыныңға ерінбей материалдар іздей ,жинақтап,жаңа түрғыда байланыстар тауыш ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін-деді.

Шешім :

- 1.Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары,күн тәртібі мен үйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізуіне бақылау жасау әдіскер Н.Умирбековаға жүктелсін.
- 2.«Мектепке дейінгі үйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдарға сүйене отырып,перспективалық жоспар өтпелі тақырыптар бойынша түзіліп, үйымдастырылған оқу қызметтері үйымдастырылсын.
3. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай ізденіп,материалдар жинақтауды жалғастырысын. Жауапты: тәрбиешілер.

Төрайымы:  Г.Батыркулова
Хатшы :  А.Серикбаева

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

15.10.2018ж

қатысқандар-12

Күн тәртібінде :

1. Откен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. Баставқы бақылау. Балалардың баставқы білім деңгейін бақылау.
Жан-жақты тексерудің қорытындысы.
3. « Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары».
4. «Күз мереке, күз береке» атты тақырыбына арналған көрме.
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.

Тындалды : Откен кеңестердің шешімдерінің орындалуы жөнінде бөбекжай-балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды : Откен кеңесте атап откендей жылдық міндеттеріміз «Денсаулық», «Шығармашылық» және «Таным» саласы етіп берілген. Демек оқу – тәрбие үдерісінде осы салалардың мақсат, міндеттеріне мән береміз. «Денсаулық» саласында таңертенгі жаттығудан бастав, сауықтыру шаралары спорттық мерекелер, қимылды ойындар, дене шынықтыру сабагы медбикенің қатысуымен өткізіліп, баланың физикалық және психологиялық дамуына жағдай жасаймыз. Және балаларды ойынға , қимыл – қозғалысына ықылас – ынтасын арттыратын құралдар мен, атрибуттармен толықтыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырамын. Қимыл қозғалысқа сәйкес сазды – әуендер жинағын тауып, үнтаспаға жаздырып, жұмыс жасаңыздар.

Тындалды балабақша менгерушісі Г.Батыркулова баставқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика – бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интелектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге баставқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші % болғанын айтЫП, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтЫП өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

Тындалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова оқып таныстырыды. Түрлі жас тобы мектепке дейінгі үйым менгерушісінің бұйрығы негізінде ашылады. Түрлі жас топтарында білім беру процесін үйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен киындықтары бар. Педагог түрлі жас топтарында үйымдастырылған оку қызметтерін үйымдастыра отырып, топтың әрбір баласын жасына, жынысы мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан білім беру процесіне белсенді тартуға ықпал етуі қажет.

Түрлі жас тобында педагогикалық процесті өткізуде мыналарды ескеру қажет:

- кіші жастағылар жұмысқа кештеу қосылады да ерте бітіреді;
- ересек жастағылар кіші жастағыларға қарағанда басқаша кіріседі;
- бір топта балалардың өзбетінше жұмысы, басқасында педагогпен бірлескен әрекет үйымдастырылады.

Тәрбиеші-педагогқа алдын-ала оку жылының басында әрбір аралас топта балалардың туылған мерзімі мен жасын көрсетіп, шағын топтар бойынша балалардың тізімін жасау қажет. Мұндай жұмыс топтағы балаларды шағын топтарға бөлуге мүмкіндік береді. Топтың толымдығына сәйкес балаларды былай бөлуге болады: 2 жастан 4 жасқа дейін, 4 жастан 6(7) жасқа дейін. Йынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету. Әдіскер Н.Умирбекова әдістемелік ұсынымында келесі бөлімдерімен оқып таныстырыды: «Түрлі жас топтарының қызметін үйымдастыру», «Түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуды үйымдастырудың негізгі тәсілдері», «Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау», «Дамытушы ортаны үйымдастыруға қойылатын талаптар», «Түрлі жас топтарындағы күн тәртібін үйымдастыру», «Мектепке дейінгі үйымдардағы түрлі жас топтарында ойын әркетін үйымдастыру».

Сөйлемді: Төртінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөйлемді. Қазан айында балалармен бірге ата-аналармен «Күз мереке,күз береке» атты тақырыбына арналған көрме үйымдастырамыз. Күз көрмесіне көкөністер мен жемістерден әртүрлі көрнекіліктер жасу керек екендігін айтып өтті. Күздік гербариј ерекше әдемі. Сары, кызыл,алуан түрлі..... Орманның алуан түрлі жапырақтарын санау мүмкін емес, кепкен гүлдер мен жапырақтардан картиналар,неше түрлі бейнелерді жасап шығаруға болады. Жаздан бір естелік болып қалады. Декоративті рамкаларға кепкен өсімдіктерден гербариј жасау,пано жасаудан байқау үйымдастырайық. Жақсы қатысқан ата-аналарға алғыс хат дайындастырып, деп сезін аяқтап, тәрбиешілерге жүктеді.

Тындалды : Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық үйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Ерте жас «Балапан»тобында сөйлеуді дамытудан өткен «Күшік, мысық, тышқан» ертегісін сөйлеуді дамытудан Н.Таспұлатованың үйымдастырылған оқу қызметі жөнінде әдіскер Н.Умирбекова сөз алды: Тәрбиешінің дайындығы жақсы, куыршақ театры арқылы сахналап өткізді. Сабактың күрылымы да балаларға қызықты әрі тартымды болды. Балалар берілген сұраптарға бірлесе жауап берді. Шығарма кейіпкерлеріне жанашырылған кейіп танытуды, оларға қамқорлық жасауды алға мақсат қылыш қойған.

Сейлекендер :

Ортаңғы топ тәрбиешісі Б.Сарсенбаева «Табиғатты аяла» атты жаратылыстанудан үйымдастырылған оқу қызметін өтті. Топ таза, жарық, дамытуши орта күрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Табиғаттың құбылыстары жөнінде көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы түсінік берді. Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

I кіші топ тәрбиешісі Д.Мейір дene шынықтырудан «Біз шынықкан баламыз» атты үйымдастырылған оқу қызметін өтті. Балалар өте көнілді қатысты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тыңдай білді және орындей алды. Негізгі қимыл жаттығуларына еденде жатқан арқаннан екі аяқтап секіруді алған. «Кедергіден аттау» ойынына да балалар көнілді қатысты.

Шешім :

1. Бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. «Күз береке, күз мереке» атты көрме қазан айының 25 жүлдізында таңғы сағат 10 –да үйымдастырылсын. Күз көрмесіне қойылатын жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалуы, көрмені дер кезінде тиісті орынға орнатылу жауапкершілігі әдіскер Н.Умирбековага жүктелсін.
3. Тәрбиеші Б.Сарсенбаеваның сабагының әдіс - тәсілдері оқу – тәрбие үдесінде пайданылсын.

4. Тәрбиеші Н.Таспұлатованың «Мысық, тұлқі, әтеш» оқу қызметі «жақсы» деп Бағалансын.

Тәрайымы: *Мару* Г.Батыркулова
Хатшы: *Алжан* А.Серикбаева

№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

23.12.2018 ж

Катысқандар саны –10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылығын дамыту»

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Сиқырлы қыс» Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің қыс көрмесі.
3. «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жаңашыл әрекеттер ендіре отырып жүргізу.» Баяндама. Тәрбиеші Б.Сарсенбаева.
- 4.«Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» (тақырыпты тексеру)
- 5.Ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.

Тындалды балабақша әдіскері Н.Умирбекова өткен кеңестің орындалуына есеп берді. «Күз береке, күз мереке» атты ата-аналармен бірлесіп өткен көрме ойдағыдай өтті. Ата-аналар барынша қолдан жасаған көрнекіліктерінен көрме жасады.Көкөністер мен жемістерден жасалған ертегі кейіпкерлері көздің жауын алатындей әдемі жасалған, балалар оны көріп қатты таңғалып, қуаныш қалды. Асқабақтан Күлше қыздың күймесін жасап, алмалардан қырықаяқты құрастырып , киярлардан балалардың сүйікті мультфильмінен кейіпкерлер жасалды. Кепкен гүлдер мен жапырактардан пано жасалып қойылды.Көрме өте қызықты өтті. Белсene қатысқан ата-аналар марапатталып, күз мерекесіне арналған дастархан ұйымдастырылды.

Сөйлемді : «Сиқырлы қыс» көрмесі жайында балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөйлемді. Осы айдың ішінде ортаңғы «Нұршуак» және «Балдәурен» тобында қыс көрмесін өткізуіді жоспарлап отырғанын айтты. Балалардың қыс бейнесін сомдаған колөнерлері, салған суреттерінен көрме ұйымдастырамыз деді.

Тындалды: тәрбиеші Б.Сарсенбаева «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жаңашыл әрекеттер ендіре отырып жүргізу» тақырыбында баяндамасы тындалды. Жеке адамды қалыптастыру үшін оқытудың мазмұнын жаңартатын жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз керектігін, жана технологияны пайдаланудың маңызына тоқталып өтті. Балабақшада балаларды жалықтырмай жылдам оқытудың әдістерін пайдаланудың көптеген әдістері бар екенін дәлел келтіре, төмендегідей сипаттап өтті.

1. Логикалық және дидактикалық ойындар пайдалану арқылы балаларға білім беру.

2. Триз элементтерін қоршаған ортамен таныстыру және экология іс – әрекеттеріне кірістіру.
3. Сурет арқылы мақал – мәтел құрастыру. т.с.с. әдістерді қолдану жолдарына тоқталып өтті.

Сонымен бірге тәрбиеші балалардың тілін дамыту, ертеғіне қайта айтып беруде мнемокестелерді қолдану туралы түсіндіріп өтті.

Пікір білдірді балабақша менгерушісі Г.Батыркулова ақпаратты технологияны пайдалану туралы балабақшага интернет желісін ендіруге уәде берді.

Сонымен бірге интернет желісінде мнемокестелер, орыс тілі сабағында қолдануға болатын «**живая мнемотехника**» жарияланып жатқанын айтып, балалармен жұмыста қолдануды ұсынды.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

4. Балабақшада өткізілген ашық қызметті талдау бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова пікір білдірді.

Т ы ң д а л ڈ «Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша менгерушісі Г.Батыркулова таныстырып өтті.

«Нұшуақ» ортанғы тобында бейнелеу өнері оқу іс әрекеттері бағдарлама талаптарына сай жобаланған, оқу әс әрекеттер толық өткізілген. Топтарда сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғанын, мұсіндеу оқу қызметінде балалардың мұсіндеу дағдыларын менгеруі қанағаттанарлық екеніне тоқталып өтті. Сонымен бірге менгеруші төмендегідей кемшіліктер анықталғанын айтып өтті:

- 1) Топтарда ұжымдық жұмыстар аз жобаланған.
- 2) Дәстүрден тыс әдістер жобаланбаған.
- 3) Ортаңғы топтарда сурет салу техникасын 70% бала менгерген. Барлық 100% бала толық іскерлігі қалыптасуы керек.

Бейнелеу өнері түрлері декоративті, сюжетті аз жобаланған.

Мұсіндеуде заттарды әсемдеу (моншак, дәндер, мақта, жұндер пайдаланып) жүргізілмеген.

Пікір білдірді : Балабақша әдіскер Н.Умирбекова бейнелеу өнері ол эстетикалық тәрбие беру көзі екенін, балалар өз жұмысынан көркемдік сезім алатынын айтып, суретсалу, мұсіндеу және жапсыру оқу қызметін өткізуі өте жаксы дәрежеге жеткізуі және айтылған кемшіліктерді алда жоспарлауда орындауды ұсынды.

Пікір білдірді тәрбиеші Ж.Қиятаева ұжымдық жұмыстар мен дәстүрден тыс әдістермен орындалған жұмыстар балалардың туған күн кешінде және

аналар мерекесінде сыйлық ретінде беріліп кеткенін айтып өтті. Бірақ ол жұмыстар жоспарға енгізілмей қалғанын айтты.

Тәрбиешілер анықталған кемшіліктердің дұрыс екенін айтып, алдағы уақытта орындауға уәде берді.

Менгеруші Г.Батыркулова топтағы бейнелеу өнері оқу іс әрекеттеріндегі балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды.

Тындалды: 1. Тәрбиеші Б.Сарсенбаевың «Мамандықтың бәрі жақсы» ортанғы топта өткен ашық үйымдастырылған оқу қызметіне тоқталып өтті. Оқу қызмет балалардың жасына, бағдарлама талаптарына сай жобаланған. Керекті құралдар талапқа сай дайындалып, алдын ала тарқатылған. Оқу қызметте саяхат жасап, «Ғажайып қорап» ішіндегі заттарды атап, мамандық түрлерімен таныстыруды. Балалар өскенде қандай мамандық иелері болатынын еркін әңгімеледі. Көрнекіліктері әдемі, тек тәрбиешінің шеберлігі аз, әлі де біраз дайындық керек..

Оқу іс әрекетті «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

1. Откен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша анқыталған кемшіліктер орындалсын.
Мерзімі: 28 ақпанға дейін.
3. «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жаңашыл әрекеттер ендіре отырып жүргізу» баяндамасын басшылыққа алып, оқу ісқызметте ендірілсін.
4. Тәрбиеші Б.Сарсенбаевың «Мамандықтың бәрі жақсы» оқу қызметі «жақсы» деп бағалансын.

Кенес төрайымы: *Мадум* Г.Батыркулова

Хатшысы: *Айгерим* А.Серикбаева

№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.03.2019 ж

Қатысқандар саны – 12

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Өнерлінің өрісі кең»

1. Откен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Баяндама: «Балаларды атақты қазақ және басқа суретшілердің көшірмесімен таныстыра отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету»
3. Мастер класс: «Пластилинграфия»
4. «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.
5. Ұйымдастырылған оку қызметін талқылау

1. Тындалды: Балабакша әдіскері Н. Умирбекова өткен кеңестің қаулылырының орындалуы туралы есеп берді. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оку қызметінде тиімді әдістер мнемотехника оку қызметтері жобаланып жатқанын, сонымен бірге «Сурет арқылы мақал жаттау, сурет арқылы жаңылтпаш жаттау» оку іс қызметтерімен бірге күннің II-жартысында жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге топтардағы балалар жаттаған тақпақ, мақалдарды ұмытпай 80% бала қайта айтып бере алатынын айтты. Сонымен бірге тәрбиешілер жинақтаған мнемотехника әдістеріне арналған топтамалардың барлық тәрбиешілерге тарқатылып, оку-тәрбие шараларында қолданылып жатқанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге «Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша анқыталған кемшіліктер өз мерзімінде орындалғанын айтып өтті.

Тындалды: «Сиқырлы қыс» көрмесі жайлы балабакша әдіскері Н. Умирбекова сөйледі. Балалар дәстүрден тыс тыс сурет салудың тиімді түрі ТРИЗ әдістемесі арқылы бастырма әдісімен кекеністерден әртүрлі пішіндер жасап, оларды бояуға батырып, түрлі бейнелер шығарған. Балауыз әдісімен қыстағы жауған қарды, аяз бейнесін бейнелеген. Таудағы ауыл көрінісі, гүлдер, орман жануарлары, қыскы көріністер, қар жамылған ағаштар, ағашқа қонақтаған құстар, орман іші, орман жолы, бұғылар, еліктер, өзен жағасын бейнелеген. Балалардың қыс көрмесін тамашалауға ата-аналарды шакырдық. Олар балаларының шығармашылығына дән риза болды.

Тындалды: Балабақша тәрбиешісі Н.Налтаева « Балаларды атақты қазак және басқа суретшілердің көшірмесімен таныстыра отырып байланыстырып сөйлеуге үртегі» тақырыбында баяндамасы . Тәрбиеші баяндамасында балабақшада тіл дамыту жұмыстарының бір бөлігі- картина бойынша әңгіме құрау болса, картина бойынша әңгіме құру арқылы балалардың тілін дамытумен бірге эстетикалық тәрбие беріледі. Картинаны қарау арқылы салынған суреттің бояуларына қарай отырып, балалардың суретші және қоршаған орта жайлы білім алатынын айттып өтті.

Сонымен бірге балабақша бағдарламаларында көп кездесетін Ю.А.Васнецовтың картиналары арқылы ауыз әдебиет үлгілері мен ертегілерді балаларға қайта айтқызу жолдарына тоқталып өтті.

Сонымен бірге тәрбиеші А.Кастеевтің топтарда пайдаланатын картиналарына тоқталып өтті, мысалы А.Кастеевтің «Егін жинау» картинасы арқылы үлкендердің енбегімен таныстыра отырып, тіл дамыту жұмыстарының әдістеріне тоқталып өтті.

Пікір білдірді: балабақша менгерушісі Г.Батыркулова суретке бойынша әңгіме құрау кең тараған әдіс, дегенмен балабақша тәрбие бағдарламасында әр жас топтарына арналған сурет топтамалары арқылы жұмыс істеу керектігін айтты. Сонымен бірге картина немесе ойыншық бойынша әңгіме құрауға барлық баланы қатыстыру , суретті кітаптар немесе ертегі картиналарды қолдана отырып толық сөйлем құрастыра білу, сюжет бойынша шағын әңгіме құрастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарына тоқталып өтті.

Пікір білдірді балабақша тәрбиешісі Б.Сарсенбаева картина арқылы әңгіме құратуда тіл дамыту бөлімдерін толық қамту жолдарына тоқталып өтті, тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда картина мазмұнына қарай заттарды жекеше-көпше айтқызу, сөйлем құрап айтуда септік жалғауларды дұрыс орындау, дидактикалық ойындар пайдалану т.с.с әдістерді пайдалану жолдарымен таныстырып өтті

Тәрбиешілер айтылған ұсыныстарды оку қызметтерде ескеретіндіктерін білдірді.

Тындалды: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова «Пластилинграфия» бойынша шеберлік сынып өткізді. Тәрбиешілерге пластилиновография туралы мағлұмат беріліп, орындау тәсілдерімен таныстырылды. Тәрбиешілермен өз ара пікір алысты. Оку қызметтерге ендіру туралы тапсырма берілді. Тәрбиешілер келісім берді.

Тындалды: «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.

Сейледі: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова көрме жайлы айта келіп, Керемет табиғат көріністері бейнеленген, құстар, орман жануарларын да бейнелеу керек екені туралы айттып ұсыныс берді.

Ұсыныс: Суреттер санын толықтыру.

«Нұршуақ» ортаңғы топ тәрбиешісі Б.Сарсенбаева

Таудан акқан су, гүлдер, тау бектеріндегі шыршалар, табигат көріністері орман іші көріністері.

Ұсыныс: толықтыру.

«Балапан» ерте жас тәрбиешісі Н.Таспұлатова

Су асты тіршілігі, балықтар, су жәндіктері, әдемілігі, су асты өсімдіктері

«Балдаурен» ортаңғы топ тәрбиешісі Г.Нуранова

Ағаш түрлері, әдемі сұлу, қатар түзеген жалғыз көленкесі үлкен, күзгі ағаштар жапырақсыз, ұқсынсыз ағаштар, көктемгі гүлдеген мәуелі ағаштар, үстіне көп құстар қонақтап ұя салған ағаштар.

«Балауса» екінші кіші топ тәрбиешісі Ж.Қиятаева. құстар, көгершіндер, акқулар, түрлі-түсті тоты құстар, қаздар, үй құстары, балапандар, қарлығаш, үкі, бақыт құсы, көек, түйекұс, қараторғарғай.

Таудағы ауыл көрінісі, гүлдер, орман жануарлары, қыскы көріністер, қар жамылған ағаштар, ағашқа қонақтаған құстар, орман іші, орман жолы, бұғылар, еліктер, өзен жағасы.

Ұсыныстар: Барлық топта әдемі сұлу табиғат пен жануарларды және соларды жойып, қиратқан, ластаған броконьерлер және орман қорғаушысы қызметкерлері, жасыл-галстук таққан табиғат қорғаушылар жөнінде суреттермен толықтыру.

Т ы ң д а л д ы үйымдастырылған оку қызметін талдау бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова ән-саз жетекшісі Л.Абжамиеваның «Музыка әлеміне саяхат » П-кіші топта өткен ашық үйымдастырылған оку қызметіне тоқталып өтті. Балаларды нотамен таныстырып, қызықты ойын ойнattы. Қазактың ұлттық домбырасымен , сазсырнаймен, жетігенмен, аса таяқпен, қобызбен таныстыруды. Балалар ән ырғағына түсіп, апайына ілесіп дүрыс қимылдар жасап би биледі.

Ұлттық өнерге деген қызуғышылықтары артты. Оку қызмет балалардың жасына, бағдарлама талаптарына сай жобаланған.

Оку қызметті «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

II кіші «Балауса» тобының тәрбиешісі Ж.Қиятаева «Жол тәртібін білейік, аманесен жүрейік» атты ашық үйымдастырылған оку қызметіне келер болсақ, балаларға бағдаршам туралы толық акпарат берді. Көрнекілігі де талапқа сай дайындалған. Бағдаршам, жол ережесіне байланысты белгі суреттер, ойын машиналары, самокаттар. Жұмбактар жасырғанда да балалар белсене жауап берді. Бағдаршамды құрастыруды. Оку қызметі «Жақсы» деп бағаланды.

I кіші «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Д.Мейір «Қыстап қалған құстар» атты ашық үйымдастырылған оку қызметіне кірдік. Қыс мезгілінде қыстап қалған құстар туралы слайд көрсетіп, балалардың қызығушылығын арттыруды. Құстың ұясына ермексаздан жем жасатып, балаларға тиым сөздерді үйретті.

Қаулы:

1. Откен кенес қаулырын орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы» тақырыпты тексерудің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер түзетілсін. Мерзімі: наурыз-мамыр айлары аралығында.
3. «Балаларды атақты қазақ және басқа суретшілердің көшірмесімен таныстыра отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету» баяндамасындағы мәселелер оку қызметте басшылыққа алынын.
4. Балаларды шығармашылыққа баулуда пластилиновография әдісі бойынша оку қызметтер жобалансын.
5. Ән-саз жетекшісі Л.Абжамиеваның «Музыка әлеміне саяхат» оку қызметі «Оте жақсы» деп бағалансын.

Кенес төрайымы:

Хатшысы:

Жозы
Алесей

Г.Батыркулова

А.Серикбаева.

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

24.05.2019 ж

Қатысқандар саны-10

Күн тәртібі:

Такырыбы: «2018-2019 оку жылын корытындылау»

1. Откен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есебі.
3. Корытынды мониторинг.
4. Жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралар жоспарын, күн тәртібін, жазғы оку қызметі кестесін бекіту.
5. «Бір жылда мен не үйрендім?» Балалардың ұжымдық жұмыстарының көрмесі.
6. Ұйымдастырылған оку қызметін талқылау.

1. Тыңдалды Балабақша менгерушісі Н.Умирбекова откен кеңестің қаулыларының орындалуы айтып өтті. Балабақшада балалармен жұмыста Ә.Қастеев, Ю.Васнецов суретті картиналары бойынша жұмыстар жүргізілгенін, керекті құралдар біршама толықтырылғанына тоқталып өтті. Сонымен бірге менгеруші оку жылында тәрбиешілердің жасаған жақсы жұмыстарына тоқталып өтті. Оку жылында балалар оку қызметке жақсы қатыса алатын болды, балалар білімдері жақсарғанын айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бірлесе жұмыстарды жалғастыра беруді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

2. Тыңдалды : Тәрбиешілердің шығармашылық есебі .

Тәрбиеші Б.Сарсенбаева, Г.Нуранова «ТРИЗ әдісі арқылы балаларды шығармашылық шеберлікке баулу» шығармашылық тақырыбы бойынша орындаған жұмыстарына тоқталып өтті. Қалыпсыз тәсілдерді қолдану арқылы баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялтын дамытуға қол жеткізгенін, Триз ойындарын көбіне серуен кезінде пайдалану арқылы балалар заттың қасиетімен таныстырып, оны зерттейді, өмірде кисынды жол табуға үйреткені туралы айтып өтті.

Тәрбиеші Ж.Қиятаева «Дамыту ойындары арқылы балалардың математикалық ұғымдарын қалыптастыру» тақырыбында II кіші топта пайдаланған ойындарын оку қызметке кіріктіргенін айтып өтті.

3. Тыңдалды : Корытынды мониторинг бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөйлемді. Корытынды бақылау II жартыжылдық

соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парагында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ бойынша Жиынтық есеп жасалады, ол білім беру үйымы бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге беріледі. Диагностика нәтижелері бойынша педагог баланың үлесін есептейді. Биылғы қорытынды бақылауда тәмен балалардың үлесі 3 %, орташа деңгейдегі балалардың үлесі 32 %, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 65 %-ды құрады.

Бақылау парагында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады.

Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстың міндеттері мен мазмұнын айқындаиды.

Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана колданыла алады: балалар тобымен жұмысты белсендендіру.

4. Т ы ң д а л д ы : Г.Батыркулова балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын үйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамыз. Балалардың деңсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз ыңғайлы болуына көніл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

- Ауа және күн ванналар қабылдау.
- Жалаң аяқ құм үстінде жүру
- Қимылды ойындар
- Мерекелер
- Түлған күндер
- Ертегілер қойылымы
- Еңбекке баулу
- Спорттық жарыстар үйымдастыру жоспарлануда. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты үйымдақсан түрде өтуін қадағалаймын және жоспарларын бекітіп, өткен соң әдістемелік кабинетке суреттерімен жинақтауды әдіскер Н.Умирбекова тапсырамын.

Менгеруші Г.Батыркулова жазғы сауықтыру кезеңіндегі алынған міндеттермен таныстыруды. Педагогтар мен мейірбикеге өз қызметтерін жауапкершілікпен атқаруды міндеттеді. Қызметкерлер келісім берді.

Тыңдалды: Балалардың «Бір жылда мен не үйрендім?» үжымдық көрмесі жайлы әдіскер Н.Умирбекова сөйлемдегі. Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің тастанды заттардан жасалған ертегі кейіпкерлерінің көрмесі көздің жауын алады. Балалар қораптардан, дисктерден, шырша бүршіктерінен және баклашка

қақпактарынан ,мата,былғарыдан түрлі ертегілер әлемінен көрініс құрастырган. Тәрбиешілер балаларды шығармашылықта тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктері бағалап көрсету, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамытуға тырысты.

Сөйлемді: Ортанғы топ тәрбиешісі : Б.Сарсенбаева. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талдау.

1. I топ тәрбиешісі Н.налтаева «Мерекелік от шашу» Женіс күніне арналыш ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиеші балалардың назарын өзіне аудара алды, балаларды ұжымдық жұмысқа жұмылдырып кляксография тәсілі арқылы бояуды тутікшелердің көмегімен үрлеп жағу арқылы отшашудың әдемі бейнесін шығарды. Саусаққа арналған жаттығуы маған қатты ұнады. Балалар түгел қамтылды, қорытындылау кезінде қойылатын сұрақтарды нақты дайындаған.
2. Менгеруші Г.Батыркулова тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерінің жақсы қалыптасып келе жатқанын айтЫП, оқу қызметтерін «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы-талапқа сай.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекітілсін.
5. Тәрбиешілердің ашық оқу қызметтерінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:

Г.Батыркулова

Хатшысы:

А.Серикбаева



Бекітемін:
ЖШС «Нұр-Саят» Б/б менгерушісі:
Г. Батыркулова

"Нұр-Саят" бебекжай-балабақшасы ЖШС 2019-2020 оқу жылының педагогикалық кеңестің хаттамалары

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

29.08.2019 ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде :

- 1 .Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау іс-шаралар есебі.
- 2.Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту. Отпелі тақырыптарды, вариативті компоненттерді бекіту.
3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 604 бүйріғын енгізу.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде деңсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, деңсаулығын нығайту
5. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» .

Тындалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова тәрбиешілердің жазғы маусымда сауықтыру шаралары, мерекелік іс-шараларына есеп беріп етті.

Сөйлегендер- Б.Сарсенбаева: Жазғы маусым сауықтыру, шынықтыру шараларына көп мүмкіндіктер беретін кез, ая, күн, су ванналарын қабылдан, еркін ойнап, таза ауада түрлі сайыстар өттік. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеп, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеп, шынықтыру мақсатында түрлі ойындар «Арқан тартыс», «Көңілді доптар» , «Күрсаудан құрсауға секіру» ойындары т.б. ойындар ұйымдастырылды.

Тәрбиеші Н.Таспұлатова:Кішкентай бұлдіршіндермен жаз қызығы туралы әнгімелесіп, түсініктерін молайтып, әсем табиғатты сезініп, балаларға көтерінкі көңіл-күй сыйлауда сайқымазақтармен бірге «Ұшты-ұшты» ойынын ойнап қуану, шаттанумен бірге іс-қимылдарын да дамыту қарастырылды. Балалардың қол кимылдарын дамыта отырып, құмның қасиеттерімен таныстырып, ойлау мен танымын жетілдіруде құммен, сумен ойындарда қалашықтар салып қуанышқа бөленді.

Тәрбиеші:- Б.Налтаева: Балалардың жолда жүру ережелері туралы түсініктерін жалғастыра отырып, зейінін, ойлау қабілеттерін, байқағыштық, жанашырлыққа тәрбиелеуде «Абайла балақай» атты іс-шараларымен бірге сумен зерттеу ойындарын өттік.

Сонымен бірге басқа тәрбиешілер де сауықтыру шараларын ауа ваннасын қунделікті кіші топтардан бастап су құю шарасын су температурасын 36 С-тен

28 С-ке шейін төмендете, сулы шүберекпен сүртіну, жалаң аяқ күмда жұру, таза ауада серуендеу мен ойындар ұйымдастырылғаны жөнінде есеп беріп өтті.

Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова: Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, ҚР «Білім туралы Занын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз,-деді. Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, осы мақсаттарға жетуде енбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі, –деп сөзін аяқтады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 557 бүйрығына сәйкес оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2019-2020 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды.

«Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр топқа арналған күн тәртібін және сабак кестесін түздік. Белгіленген күн тәртібін сақтап, жұмыс жүргізесіздер, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі ұзактығы сақталуы тиіс. Ата – аналарды, балаларды күн тәртібі бойынша жүргүре үйретейік.

Балалардың сабакқа, ойынға ықыласын арттыруда көрнекіліктер, ойыншықтардың аткарап рөлі зор. Ұйымдастырғанда көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарауларыңызды талап етемін» деді.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сактау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Педагогтарды балабақшаның тәрбиеленушілерінің білім-біліктілік деңгейі мониторинг нәтижесіне қарай таңдап алынған алдағы жаңа оқу жылына белгіленген мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

«Денсаулық» білім саласы

1. Денсаулық сактау технологияларын ендіру арқылы , балаларды салуатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту.
2. Түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету.
3. Әуенге сәйкес музыкалық- ырғақты қозғалыстар және жаттығуларды дұрыс орындауга үйрету.
4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.

«Шығармашылық» білім саласы

- 1.Балалардың әдеттен тыс әдістерді колдану арқылы шығармашылығын дамыту, сұлулыққа , тазалыққа тәрбиелеу.
- 2.Мектепке дейінгі балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту.

«Әлеумет» білім саласы

1.Әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді, қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Тәртіп ережелерін, күн тәртібіне дағдыландыруға үйрету.

Сонымен бірге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортанғы топта вариативтік компонент енгізілген. Балалдың жас ерекшелігіне, қызығушылығына карай вариативтік компонент белгіленді. Ортаңғы «Балауса тобы» бейсенбі 1 сағат-Сурет салу, Ересек «Нұршуақ» «Балдәурен» тобы сейсенбі 1 сағат- Драма, жұма 1 сағат- Сиқырлы қалам ересек «Нұршуақ» «Балдәурен» тобы сәрсенбі күнге қойылды. Белгіленген үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, , күн тәртібі, өтпелі тақырыптары мен вариативтік компонент бойынша оку-тәрбие үдерісі күнделікті тиянақты жүргізуін тапсырды. 1 маусымнан 31 тамызға дейін сауықтыру кезеңі, жаз айларында білім беру үдерісін қайталау тапсырылды.

Тындалды : Ушінші мәселе бойынша әдіскер Н.Умирбекова сөзге шықты. Ол өз сөзінде : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде жұмыс жасаймыз. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптармен таныстырып өтті. Үлгілік бағдарламаның мазмұны жайлы айтып өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген.

«Денсаулық» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) Дене шынықтыруды

2) қауіпсіздік мінез-құлықтарын қамтиды.

«Қатынас» білім беру саласы:

1) сөйлеуді дамытуды

2) көркем әдебиетті

3) саят ашу негіздерін

4) қазақ тілін (орыс тілін оқитын топтарда), орыс тілін (қазақ тілін оқитын топтарда) және шет тілдерінің бірін

5) драманы

6) әліппені қамтиды. (2020 жылдың 1 қыркүйегінен)

«Таным» білім беру саласы:

1) сенсориканы (1 жастан 3 жасқа дейінгі бебек жасы топтарында), математика негіздерін

2) құрастыруды

3) жаратылыстануды қамтиды.

«Шығармашылық» білім беру саласы:

1) сурет салуды

2) мұсіндеуді

3) жапсыруды

4) музыканы қамтиды.

«Әлеумет» білім беру саласы:

1) өзін-өзі тануды

2) қоршаған ортамен таныстыруды

3) экология негіздерін қамтиды.

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен таныстырыды.

Оқыту мерзіміне қойылатын талаптармен таныстырыды.

Жас кезендері мен жас топтары мынадай:

1) ерте жас-1-2 жас

2) кіші топ-2-3 жас

3) ортаңғы топ-3-4 жас

4) ересек топ-4-5 жас

5) мектеп алды даярлық топ-5-6 жас

Тындалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі

Г.Батыркулова сөйлемі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту жөнінде түсіндірілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту тақырыбындағы кеңесте үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілгендей баланың өмірін қорғауды, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін дамытуши заттық-кеңістік құру, дene дамуына жағдайлар туыннату, ықпал ету, жас ерекшелігіне сай денсаулық технологияларын пайдалану туралы айттып өтті.

Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова тәрбиешілер арасында денсаулық саласының мазмұны мен міндеттері жөнінде сұрақ-жауап ретінде сайыс үйымдастырыды.Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілгендей, білім беру процесін жоспарлауда, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, команда жұмыс істей білу, денсаулық саласының сапалы өтуі жөнінде сұрақ-жауаптарға тәрбиешілер жауап берді.

Тындалды: Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөйлемі: «Балалар жаракатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» . Балалар жаракаты жылдан-жылға кемудің орнына керісінше өсуде, сондықтан ол көптеген жылдар бойы өзекті мәселе болып отыр. Балалар жаракаты олардың жас ерекшеліктеріне: өмірлік тәжірибесінің болмауына,

өзін-өзі бақылаудың жетіспеушілігіне, көп қимыл-қозғалыс жасауына және білуге құмарлығына байланысты.

Мектепке дейінгі үйымдарда балалардың зақымдануының негізгі себептері ересектер тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстың толықтай жүйелі түрде жүргізілмеуі.

Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалар жарақатының алдын алу мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің өзекті мәселесі болып табылады.

Балалар жарақатының алдын алу мәселелері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі үйымдардың педагогтарына балалар жарақатының алдын-алуды үйымдастыруды әдістемелік көмек көрсету.

«Балалар жарақаты негізгі түрлері», «Балалар жарақатының алдын алу шаралары» жайлы айтып өтті. Балалардың түрлі жас топтары арасында ұқсас жағдайларда қайталанатын дененің зақымдануын балалар жарақаты деп аталады. Себептері мен пайда болу жағдайларына байланысты зақымдануларды балалар жарақаттарының мынадай түрлерімен таныстырып өтті.

Балалар жарақатының алдын-алуда педагогтар, ата-аналар, білім беру үйымдарының қызметкерлері, санитариялық –эпидемиологиялық бекеттер, түрғын үй коммуналдық шаруашылық, әкімшілік, жол полициясы қызметкерлері үлкен рөл атқарады. Осы мақсатта әрбір мектепке дейінгі үйымда балалар жарақатының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалады және бекітіледі, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша педагогтармен үйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс, балалармен, ата-аналармен жұмыс, заттық-дамытуши органды құру бойынша жұмыс, әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет қарастырылады. Мазмұнында балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын корғау бойынша нұсқаулық қарастырылуы тиіс.

Шешім :

1. Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары, күн тәртібі мен ұйымдастырылған оку қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізуіне бакылау жасау әдіскер Н.Умирбекова жүктелсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 604 бүйрығы бойынша жумыс жүргізілсін.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілсін. Тәрбиешілер денсаулық білім беру саласының мазмұны мен міндеттерін менгеруде ізденіп, жұмыс жүргізілсін.
4. Балабақшада балалар жарақатының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалсын және бекітілсін, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша педагогтармен ұйымдастырушылар әдістемелік жұмыс, жүргізілсін. Балалармен, ата-аналармен жұмыс жүргізілсін. Балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізілсін.

Төрайымы: *Назу* Г.Батыркулова
Хатшы: *Асерин* А.Серикбаева

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

27.11.2019ж

қатысқандар-11

Күн тәртібінде :

1. Откен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (Такырыптық бақылау).
3. Бастапқы мониторинг қорытындысының нәтижелері.
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.

ТЫНДАЛДЫ: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

СӨЙЛЕДІ: – балабақша әдіскері Н.Умирбекова: Балабақшада бекітілген күн тәртібі, сабак кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүруде. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып, апталық жүктеме саны, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық, психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, женіл қабылдайтындей етіп өту деміз.

Откен кеңесте педагогармен «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» жөнінде таныстырылған. Балабақшада балалардың зақымдануының негізгі себептері ересектер тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстың толықтай жүйелі турде жүргізілмеуі. Тәрбиешілерге және тәрбиеші көмекшілеріне, медбикеге балалар жарақатының алдын-алуды ұйымдастырудың әдістемелік көмек көрсетілді. Осы мақсатта балабақшада балалар жарақатының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалды және бекітілді, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша тәрбиеленушілер мен ата-аналармен ашық есік күні өтілді. Балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар өтілді .Балалар жарақатының алдын - алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында балабақша жылдық жоспарына ауданның жол полициясы бөлімі қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар енгізіліп, жоспарланды.

ТЫНДАЛДЫ: «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жұру ережелерімен таныстыру.» (Тақырыптық бақылау). Балабақша әдіскері Н.Умирбекова :

Көшедегі қауіпсіздік ережелерін балалардың бойында қалыптастыруда оқытуудың заманауи көрнекіліктері мен техникалық құралдар ерекше рөл атқарады. Олардың көмегімен педагог инновациялық бағыттарды іске асырады және қойылған міндеттерді шешеді. Балаларға жолда жұру ережесін үйретуді ұйымдастыру бойынша тәрбиешілерге көмек көрсетуде әдістемелік кабинетте жолда жұру ережелері бойынша бұрыш жасалды. Балаларға жолда жұру ережелерімен таныстыру мақсатында ашық есік күні өтілді. Ашық ұйымдастырылған оку қызметінде сурет бойынша сипаттап, әнгімелер құрастыру арқылы, мультфильмдер көрсетілді.

Ересек «Нұршуақ» тобындағы балалармен қызықты ойындар, логикалық есептер, жұмбақтар түрінде интеллектуалдық-ойындық әрекеттер өтілді. Балаларға өзінің тұратын тәніректегі көлік құралдарының түрлерін ажырату, үйден балабақшаға, дүкенге, емханаға дейін немен баруға болатынын, ата-аналары қандай көлікті пайдаланатынын түсіндірді. Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстырыды: ақырын сөйлеу, тәртіп, тазалық сақтау, көлікте ересектерге, сәбілерге және мүгедектерге орын беру. Балалардың назарын есікке сүйенуге, есікті ұстауға (ашылып кетіп, саусактарын, қолын қысып алуды мүмкін) болмайтындығына; автобус кенеттен тоқтауы мүмкін, сондықтан қозғалыс кезінде тұтқадан ұстау керектігін түсіндірді.

Ересек «Балдәурен» тобында мақсатты серуен ұйымдастырылып балаларға жолдан өту тәртібімен таныстырыды. Онда балалар бағдаршамның қызметін, жаяу жүргіншілер мен көліктің өзара әрекетін бақылады, жолдағы арнайы таңбалармен және жол белгілерімен танысты, тәрбиеші бір уақытта балалардың назарын жаяу өтпе жолға және оны белгілейтін белгіге аударды.

Балаларға викториналық сұрақтар қойылды.

Ұйымдастырылған ашық есік күнінен кейін ата-аналармен сұхбаттар жүргізілді. Балалардың еліктегіш келетінін ересектердің ұмытпағаны жөн. Егер бала ересектердің жол ережесін бұзғанын көрсе, жалпы қабылданған ұсынымдарға немкүрайлы қараса, онда баладан бірденені талап ету жөнсіз, ейткені бала алдымен ересектерден үлгі алады. Үйден балабақшаға баар жолда ата-ана жол тәртібін бұзбай, балаға үлгі болу керек. Баласына көшеде жұру тәртібіне тәрбиелеу керек. Өр топта жол ережесі жайлы жылжымалы папка жасалған, стэндер ілінген.

Кіші «Жұлдыз» тобындағы балалар аулада, көшеде көрген заттарын таниды және атай алады: үй, машина, доп және т.б. Бұл жаста балаларды заттарды айыра білуге, қызыл, жасыл, сарыны беліп, көлемі мен түсі бойынша атай білуге үйретуді жалғастыру қажет. Тәрбиеші түспен ғана таныстырып қоймай, сондай-ақ түстер ережесіне сәйкес жұмыс істеу керек («Поезд» қимылды ойынын өткізді).

«Шағала» ортаңғы тобында балаларды жолдың жүргінші бөлігін, тротуарды, жол жиегін айыруға, бағдаршамның жасыл мен қызыл белгілерінің мәнін түсінуге үйретті. Балаларды нақты ережелермен өз қимылдарын келісе отырып, кеңістікте бағдарлай білуге үйретеді (қызыл түске – тоқта, жасыл түске - жұр). Тротуар шетінде тоқтауға және жолға шықпауға үйрету. Көлік түрлерін айыра білуді үйретті.

ТЫНДАЛДЫ: балабакша менгерушісі Г.Батыркулова бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интелектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабакша бойынша мониторинг көрсеткіші I-тәмен деңгейде 12 % , II- орташа деңгейде 50 % , III- жоғары деңгейде 38 % болғанын айтып, алғағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

ТЫНДАЛДЫ: Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық үйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Сейлегендер : балабакша әдіскері Г.Батыркулова:

Кіші «Жұлдыз» топ тәрбиешісі Н.Таспұлатова «Тұстер әлемі» атты сурет салудан үйымдастырылған оқу қызметін өтті. Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Тұстердің түрлерін көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы көрсетіп, түсіндіріп берді. Балаларға ашық түсті бояуларға деген эмоциялы-эстетикалық қатынасын қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалықкан жок, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Кіші «Шағала» тобында тәрбиешісі А.Қантөре өткен ашық сабағына тоқталсақ, ол балалармен көркем әдебиеттен «Ертегілер әлеміне саяхат» тақырыбында үйымдастырды. Балалар өте көңілді қатысты, ертегіні мұқият тындалап, ондағы кейіпкерлерге жанашырылған сезім танытты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тындей білді және орындаі алды. Берілген ойынға да балалар көңілді қатысты.

Ата аналардың қатысуымен «Мениң отбасым» атты үйымдастырылған оқу қызметі «Балауса» ортаңғы тобында өткізілді. Тәрбиеші Б.Налтаева алдын ала жүргізген жұмыстары көнілге қонарлық. Әр баланың отбасымен түскен суреттерінен кішкене көрме жасап, әр бала өз отбасы мүшелерін атап, жақсы

көңіл-күйде отырды. Ата-анамен саулнамалар жүргізіп, баласын қашалықты билетіні жайлы ойын да жүргізді. Балалар арасында ата-ана жайлы тақпак, әже жайлы ән шырқалды. Ата-аналар жақсы әсер алғып қайтты.

Шешім :

1. Бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылсын, жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалу жауапкершілігі әдіскер Н.Умирбекова жүктелсін.
3. Тәрбиеші сабағының әдіс - тәсілдері оқу – тәрбие үдесінде пайдалылсын.

Тәрайымы:
Хатшы

Г.Батыркулова
А.Серикбаева

Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

17.01.2020 ж

қатысқандар-11

Күн тәртібінде :

1. Откен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» (Баяндама.)
3. Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. (Салыстырмалы тексеру қорытындысы. Ересектер тобында.
4. Ашық ұйымдастырылған оку қызметтерді талқылау.

ТЫНДАЛДЫ: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Н.Умирбекова – балабақша әдіскері : Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылды, жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалды .

ТЫНДАЛДЫ «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» тақырыбында кіші топ тәрбиешісі Н.Таспұлатова баяндамасын оқыды.

Баяндамада жазғы кезенде балалардың денсаулығын сактау және нығайту мәселелерін шешу үшін құммен ойындар мен жаттығулар эмоционалдық және психикалық ашуды басуға көмектеседі. Басты назар жаз кезіндегі балалардың іс-әрекеттерінде құмнан салынатын құрылыштарды ұйымдастыруға аударылады. Бұл жұмысты ұйымдастыру барысында балалардың шығармашылық, зерттеушілік, қиялдары мен эстетикалық талғамдары дамиды. Құммен ойнау үдерісі баланаң көніл-күйіне жағымды әсер береді.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова-«Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.» атты салыстырмалы тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. «Нұршуақ» ересектер тобында 36 сағат берілген. Мұнда ойындар, сахналық қойылымдар, санамактар, жұмбақтар, бақылау және серуендер және сурет салу мен апликация жұмыстарын орындау арқылы балалардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру мақсаты алынған.

Ұсыныстар: Эр өсімдікпен таныстырғанда, сол өсімдікті бояу, дәстүрден тыс сурет салуга үйрету. Дағы гүлдері, аула гүлдері, белме гүлдерін таныстыру.

«Балдаурен» ересектер тобында аптасына 1 сағат, 36 сағат жылына жоспарланған. **Ұсыныстар:** Мазмұнына, безендірілуіне, мән беріп, костюмдермен толықтыру. Берілген ойындардың шартын, мақсатын жазу.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оку қызметі талқыланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР : балабақша әдіскері Н.Умирбекова:

Ортаңғы «Балауса» топ тәрбиешісі А. Серикбаева «Табиғатты аяла» атты жаратылыстанудан ұйымдастырылған оку қызметін өтті. Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Табиғаттың құбылыстары жөнінде көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы түсінік берді. Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.


Ересек «Нұршуак» тобының тәрбиешісі Б. Сарсенбаева өткен ашық сабағына тоқталсак, ол балалармен дene шынықтырудан «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-тендікті сақтау» тақырыбында ұйымдастырды. Балалар өте көнілді қатысты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тыңдай білді және орында алды. Негізгі қимыл жаттығуларына гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-тендікті сақтауды алған. «Қара жорға» әніне жаттығу жасатты. «Басқұр» ойынына да балалар көнілді қатысты.

«Жұлдыз» кіші тобындағы жаратылыстанудан «Күннің шуактары» ашық ұйымдастырылған оку қызметін тәрбиеші С. Амангелді жақсы ұйымдастырган. Балаларды жылы түспен таныстыра отырып, түзусызықтар мен дөнгелек сызууды үйретті. Жылы және сұық түстерді ажыратада білуге үйретті. Тек көрнекілігі бала санына лайық емес, сабакқа дайындығы аз болды.

«Балдаурен» ересектер тобында өткен «Сиқырлы пішіндер» атты ұйымдастырылған оку қызметін тәрбиеші Ж. Қиятаева жақсы өткізді. Геометриялық пішіндерден үйлер құрастырып, әр пішінді тапсырмалар арқылы таныстырып өтті. Балалар көнілді отырды, зейін қойып тыңдалап, берілген тапсырмаларды жақсы орындағанды.

Шешім :

1. Балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете отырыш, күммен ойындар жазғы маусымға жоспарлау .
2. Ересек топтарының тәрбиешілері берілген ұсыныстар, кемшилікті түзетілсін.
3. Тәрбиеші Б.Сарсенбаевың ашық үйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс - тәсілдері мен материалдар оқу – тәрбие үдерісінде пайдаланылсын.

Тәрайымы:  Г.Батыркулова
Хатшы:  А.Серикбаева

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

10.03.2020 ж

қатысқандар-10

Күн тәртібінде :

1. Откен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы.» (Баяндама.)
3. Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы. (тақырыпты тексерудің корытындысы)
4. Ашық ұйымдастырылған оку кызметтерді талқылау.

ТЫНДАЛДЫ: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

СӨЙЛЕДІ: Н.Умирбекова– балабақша әдіскері : Күннің жылшынуының өзі балаларға үлкен куаныш сыйлады. Таза ауада балалармен түрлі ойындар, серуен ұйымдастырып, серуен кезінде бақылау, еңбек, зерттеу ойындары, құмнан қалашық салып қызықты болды. Балалар құммен ойнағанда өздерін еркін ұстайды, шығармашылық белсенділік дамытады. Тәрбиешілер құмның таза болуын қадағалап отырды.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова- Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Мәңгілік ел-ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман түрмисы бакуатты, тұтіні тұзу шыққан, үрпағы ертенге сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры үрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі үрпақ-мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік ел», -деді. Сондықтан да біз бүгінгі үрпағымызды ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз, , салт-дәстүрімізben, мәдени құндылықтарымызben таныстырыуымыз керек.

Дана халқымызда «Ағаш тұзу, әдемі болып өсуі үшін, оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсын» деп бекер айтпаған. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақаш қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, менталитет,

тарихтың маңызын бойына сініріп есіру басты қағидат. Ендеше бұл түргыда отбасы мен тәрбиешінің атқарар ролі зор.

Балалабқаша әдіскері Л.Байменова оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы баланың деңгейіне қарай пайдаланып отырудың мақсаттарымен таныстырып өтті. Осы мақсаттарына жету үшін өткізілген шараларда болсын, пікірталастар иен сайыстар болсын, спорттық жарыстар, ойындар болсын халықтық педагогикамен, ұлттық тәрбиемен ұштастырып отыру керектігін айтты. Осылан байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық ұлгілерімен сусындастып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды өткізіп отыру керек. Мысалы «Қош келдің әз-Наурыз!» мерекелік ертеңгіліктерде, деңешшынықтыруда ұйымдастырылған оқу қызметінде, қимылды ойындар әрекетінде кеңінен қолданса жақсы болар еді деп, ұлттық ойындармен таныстырып өтті.

ТЫНДАЛДЫ: «Айгөлек» ортаңғы топта «Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуына» тақырыпты тексеру жүргізілді. Тәрбиеші С.Амангелді балалақшада сауықтыру шараларын өткізуде тиімді технологияларды енгізуді мақсат еткен. Дене шынықтыруда сауықтыру жұмыстары спорттық және қимылды ойындар арқылы, музикалық-ыргакты қимылдар арқылы, массаж жасайтын кілемше үстімен жүру және т.б. Шынықтыру үшін жазда күннің астында болу, шептің үстімен жаланаяқ жүру т.б. Серуен мен бақылаудағы шынықтыру шараларын жоспарлаған. Серуендеу барысында таза ауамен тыныс алу, күнделікті сергіту сәтінде, психогимнастика, саусақ ойындарында бала ағзасының қарсы тұру деңгейін азайтады. Тәрбиеші өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлаған, спорттық ойындарды жоспарлаған. Балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер әзірлеген. Мына тапсырмаларды өз жоспарына енгізген.

-аурулардың алдын алудын негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру;

-негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Үйде, көшеде, қоғамдық орындарда кейбір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру;

-өзінің және басқа балалардың ауырғанын сезінген жағдайда ересектерден көмек сұрауға үрнету.

-тамақтану. Дәрумендер туралы білім. Су және оның ағзаға қажеттілігі. Азық-түліктер, оларды қолдану тәсілдері;

-аурудың алдын алу. Табиғи факторлардың көмегімен шынықтыру. Ұйқы мен демалысты дұрыс ауыстыру – деңсаулық кепілі.

-А.А Уманскийдің нүктелі үгүі , сулы қолғаппен күннің екінші жартысында сұртіну, түймелер үстімен жүру, жазда бассейнге тусу, қыста таза аудада шынығу.

Тәрбиешінің жоспарлағаны дұрыс, ұсынысым осы жоспарлаған жұмыстарды циклограммада күнделікті қолданылуы.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық үйымдастырылған оку қызметі талқыланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР : балабақша әдіскері Н.Умирбекова:«Балауса» ортаңғы тобындағы әлеуметтен «Әдептен біз озбаймыз» ашық үйымдастырылған оку қызметін тәрбиеші А.Серикбаева жақсы үйымдастырган. Балалардың ұнамсыз қылыштарды ажыратта отырып әдепті болуды бойларына сініруді мақсат еткен. Көрнекілігі жақсы ,балалармен жақсы дайындалған. Балаларды ойша орманға саяхатқа шығара отырып, ол жердегі жануарлардың арасында әдептілік жок екенін және де олардың жасаған іс-әрекеттерін түзеу арқылы балаларға әдептілікті,ұқыптылықты, тазалықты, мейірімділікті , сыртайылыққа үйретті. Сиқырлы сөздер: өтініш, кешіресіз рахмет т.б. сөздер арқылы сыртай болуды,әдепті болуда тәрбиеледі.

«Балдәурен» ересектер тобында өткен «Қазақтың ұлттық аспаптары» атты ән-саз жетекшісі Ж.Киятаева үйымдастырылған оку қызметін талқылайтын болсақ, балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстырып өтті. Барлық ұлттық аспаптардың көрнекілігі болды. Балаларды жақсы көңіл-күймен акт залына кіргізді. Балаларды мұражайға шакыру арқылы аспаптармен таныстыруды. Балаларды күйге билетіп,ән салдырып , өте көңілді өтті. Балалар қызыға қатысты.

Шешім :

1. Барлық топтарда ұлттық құндылықтарды қолға алып, оку-тәрбие үдерісінде енгізіліп, жұмыс жүргізілсін. .
2. Сауықтыру шараларының жоспарлануы және үйымдастырылуына толықтырулар енгізілсін, циклограммада қолданылсын.

3. Тәрбиеші Ж.Қиятаеваның ашық үйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс - тәсілдері мен материалдар оқу – тәрбие үдерісінде пайдалылсын.

Тәрайымы:  Г.Батыркулова
Хатшы:  А.Серикбаева



Бекітемін:
ЖШС «Нұр-Саят» Б/б менгерушісі:
Г.Батыркулова

**"Нұр-Саят" бөбекжай-балабақшасы
ЖШС 2020-2021 оқу жылының
педагогикалық кеңестің хаттамалары**

**«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы**

ХАТТАМА №1

Откізілген уақыты: 29 тамыз 2020 жыл

Катысқандар саны— 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, үйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Жауапты әдіскер.
3. Коронавирустық инфекцияның таралысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі үйымдарда үйымдастырылған оқу қызметтерін үйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты әдіскер Н.Умирбекова.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйымының басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып А.Серикбаева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Н.Умирбекова 2019-2020 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы А.Серикбаева педкенес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші сайлауды үйгарды.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, максат, міндетімен таныстырып

өтті. Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оку жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:Әдіскер Н.Умирбекова жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткіzetін жауапты адамдар нақты көрсетілген.Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Тәрбиеші Б.Сарсенбаева 2020-2021 оку жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оку жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. Педагогтар 2020-2021 оку жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері:Н.Умирбекова-

Жетісай ауданының білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бүйрүгімен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрүгіна енгізілген өзгерістері туралы, үлгілік оку жоспарына сәйкес түзілген ұйымдастырылған оку қызметі кестесінің үлгісін және 2020-2021 оку жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарының құрылымын басшылықта алғып, жұмыс жүргізу үшін жолданған.Ал үлгілік оку бағдарламасының мазмұнына келер болсақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оку қызметі:

- 1) дene шынықтыруды
- 2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін" қамтиды

"Қатынас" білім беру саласының ұйымдастырылған оку қызметі:

- 1) сөйлеуді дамытуды;
- 2) көркем әдебиетті;
- 3) саят ашу негіздерін;
- 4) қазақ тілін (орыс тілінде оқытатын топтарда), орыс тілін (казақ тілінде оқытатын топтарда) қамтиды.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оку қызметі:

- 1) сенсориканы (бебек жасы топтарында – 1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда – 3-6 жас);

- 2) құрастыруды;
- 3) жаратылыстануды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сурет салуды;
- 2) мүсіндеуді;
- 3) жапсыруды;
- 4) музыканы қамтиды

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) өзін-өзі тануды;
- 2) қоршаған ортамен танысады қамтиды.

. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- 1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;
- 2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;
- 3) ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;
- 4) ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат;
- 5) мектепалды тобы, мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан - 17 сағат.";

Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас – туғаннан бастап;

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

- 2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортанғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы).

ТЫНДАЛДЫ: Ушінші мәселе бойынша балабакша менгерушісі: Г.Батыркулова сөйлемді.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша

әдістемелік ұсынымдар балабақшада қашықтан оқытуды үйымдастыру және жаңа оқу жылын үйымдасадқан түрде бастау үшін онтайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді. Мектепке дейінгі үйымдарда ҰОҚ қызмет түрін үйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталады,-деп қашық форматтағы үйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар оқып шықты.

- 1) үйымдастырылған оқу қызметі (кенестер) қашық форматта;
 - 2) кезекші топтардың жұмысын үйымдастыру;
1. Үйымдастырылған оқу қызметін үйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын колдана отырып, үй жағдайында балаларға материалдар ұсынылады, ата-аналардың жетекшілігімен педагогтердің тапсырмаларын үйренеді және орындаиды (ересек топтары)
 2. Ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды үйымдастыру туисті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сактай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін үйымдастыру нысаны.
 3. Топтарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтықтан өтетін сабактар жүргізеді.
- ТЫНДАЛДЫ:** Балабақша әдіскері Н.Умирбекова қашықтықтан оқытуды үйымдастыру туралы түсіндіріп өтті. Тәрбиешілер бейнесабактар ретінде ересек топтарға өте алады. Ата аналарға арнайы чат ашып, оған сабактың басталу күнін көрсете отырып, хабардар етеміз. Ересек топ тәрбиешілері қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, интернеті болған жағдайдайын ескеру керек. Бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан үйымдастырылған оқу қызметін өткізеді;
- «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабак) тәрбиешінің қашықтықтан кіріктірілген сабак кестесін күрүлуы тиіс.
- ересек топ тәрбиешілері (WhatsApp желісі арқылы) топтар құрады, жас топтарын ескере отырып, бейнесабактар, мультфильмдер, аудио-ертеғілер жібереді.

Қашықтықтан сабак үйымдастыру үшін педагог балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, баланың өз бетінше орындауы үшін немесе ата-анасымен бірлесіп орындауы үшін ойын түріндегі тапсырмаларды алдын-ала дайындаиды. Мысалы, сурет салудан саусақпен, мактамен, жүнмен және т.б. сурет салудың әдістерін көрсете отырып, алдын-ала дайындалған бейне материалды ұсынуға болады. Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиеттен алдын-ала шығарманы, өлеңді оқып, сол аудио жазбаны қайталап айтуда, ал математика негіздері мен құрастырудан түрлі сюжетті-рөлдік және басқа да

оыйндар арқылы тапсырмалар ұсынуға болады. Ата-анамен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыруда түрлі чөллендіждер, жарыстар ұйымдастыруға болады. Ата-аналармен кері байланыс арқылы балалардың сабакты қабылдауын қадағалап отыру керек.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі: Г.Батыркулова сөйледі.

- еңбек заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің (әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын қашықтықтан айқындаімсыз.

- тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отыру менің міндетім.

- ҰОҚ кестесі күру, педагогтардың қызметі ұйымдастыру, топтын, тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жеке кеңестерді жүргізу балабақша әдіскері Н.Умирбекова және тәрбиешілерге жүктелсін.

Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылсын.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаныздар.

ТЫНДАЛДЫ: Бесінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова айтып өтті. 6 топқа жауапты тәрбиешілер және тәрбиеші көмекшілері бекітіліп, таныстырылды. Лауазымдық міндеттерімен таныстырылды.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның менгерушісі , әдіскер, музика жетекшісі, психолог, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып А.Серикбаева сайлансын.
3. 2020-2021 оку жылдарының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
4. Жас топтарына сәйкес құрылған оку жоспары, күн тәртібі, оку қызметінің жүктемелік кестесі және перспективалық жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оку қызметі бекітілген оку жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Оку жылды барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалары бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жауапты топ тәрбиешілері.

Педагогикалық кеңес төрайымы *Г.Батыркулова*

Хатшы :

А.Серикбаева

«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА №2

Откізілген уақыты: 27 қараша 2020 жыл

Катысқандар саны– 10

KҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Балалардың бастапқы білім деңгейін бақылау. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. «Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» (тақырыпты тексеру)

ТЫҢДАЛДЫ: Менгеруші Г.Батыркулова откен кеңестің шешімдерін талқыладап өтті. 2020-2021 оку жылдарының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізіліп жатыр.

Жас топтарына сәйкес құрылған оку жоспары, күн тәртібі, оку қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оку қызметі бекітілген оку жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр.

Коронавирустық инфекцияның таралысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оку қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарб ойынша балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастырылды. ҰОҚ қашық форматта онлайн түрде тек органды топтарда және ересектер тобында өтілуде. Караптап талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекцияладап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылып жұмыс жасауда.

Әрбір педагог қашықтықтан оқыту барысында өтілген ҰОҚ туралы айтып, бір-бірімен пікір алмасты, тәжірибелерімен бөлісті. Қандай жаңа технологияларды пайдаланғандықтары және қандай жаңа технологиялар балалар үшін ыңғайлы әрі тиімді екендігі туралы пікір алmasып отырды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова -

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оку қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыстар өттік.

ТЫНДАЛДЫ: балабақша менгерушісі Г.Батыркулова бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оку бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, түлғалық және интелектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оку жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші топтарда мынадай пайызды көрсетті. Денсаулық саласы бойынша I ші деңгей 67%, II деңгей 22%, ал III деңгей 11% болғанын айттып, Қатынас білім беру саласы бойынша I ші деңгей 77%, II деңгей 18%, ал III деңгей 5%, Танымдық дағдылар I ші деңгей 79%, II деңгей 17%, ал III деңгей 4%, әлеуметтік дағдылар I ші деңгей 88%, II деңгей 12%, ал III деңгей 4%, Шығармашылық дағдылар I ші деңгей 74%, II деңгей 18%, ал III деңгей 8% пайызды көрсетті. Алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге кол жеткізу керектігін айттып өтті.

Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың бастапқы даму мониторингісінің нәтижелеріне есеп берді. Балалармен жеке даму картасын жүргізіп, түзету шаралары жүргізілсін деп тапсырды.

ТЫНДАЛДЫ: Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оку қызметін онлайн түрде өткізген болатын. Ол ашық оку қызметіне арнайы комиссия құрылышы бақылау жасалған. Енді осы бақылаудың қорытындысы бойынша сөз кезегі әдіскерге беріледі деп сөзін аяқтады.

«Нұршуак» тобының тәрбиешілері көркем әдебиет ұйымдастырылған оку қызметінде ауыз әдебиетін пайдалана білді және баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізді. Балалар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай белсенділік таныта білді.

Тәрбиешілердің «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында өткізген ашық ұйымдастырылған оку қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Осы міндетті шешуге байланысты ашық ұйымдастырылған оку қызметтері мен басқа да жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оку жылы барысында.

ТЫНДАЛДЫ: «Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша менгерушісі Г.Батыркулова таныстырып өтті. «Күншуак» ересек тобында бейнелеу өнері бағдарлама талаптарына сай жобаланған, ҰОҚ-де толық онлайн түрде өткізілген. Тәрбиеші балаларға суретін салып көрсетіп, балалар үйде берілген тапсырмаларды орындағанды, сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғаны айттылды. Сонымен бірге менгеруші төмендегідей кемшіліктер анықталғанын айттып өтті:

Менгеруші Г.Батыркулова топтағы бейнелеу өнері ҰОҚ-де балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды

Шешім:

1. Қашықтықтан өтілген ҰОҚ бойынша әрбір педагог тәжірибе алмасып тұрсын.
2. Балалардың даму деңгейіне көніл бөлінсін. Балалармен жеке даму картасы түзіліп, түзету шаралары жүргізілсін.
3. Топ тәрбиешілерінің күнделікті сабак барысында балаларды сабакқа деген қызығушылықтарын арттыру үшін көбірек жаңа технологиялар мен әдістәсілдер пайдаланылсын.

Пед.кенес тәрайымы:

Хатшы:



Г.Батыркулова

А.Серикбаева

**«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы**
№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Откізілген уақыты: 07.12.2020 ж

Қатысқандар саны – 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. I жарты жылдықтағы аралық мониторинг қорытындысы
3. «Мектепке дейінгі мекемеде отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында педагогтарға шебер сынып ұйымдастыру
4. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
5. Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі: Г.Батыркулова I ші жартыжылдық мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті. Аралық бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктегі мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды.

I жартыжылдықта бес білім беру саласыбайынша алған білімдерін бағалап, нәтижесі анықталып, оку жылының сонына шейін төмен деңгейдегі балалармен жеке даму картасын жүргізіп жұмыс жасау керектігін айттып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Келесі сөз кезегінде балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөзінде әрбір тәрбиеші болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған тәрбиеші үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор екендігі туралы айтты. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтынмекен.

Отбасымен жұмыс мүмкін педагогтардың жүргізетін жұмыстарының ең қызықты бір бағыты шығар. Бір жағынан, бұл жұмыс аса бір шеберлікті, құпиялышты, мәдениетті, білімді, тәжірибелі қажет ететін жұмыстардың бірі. Өйткені, отбасымен жұмыс жүргізген кезде түрлі адамдармен, түрлі түсініктермен, түрлі мінез - құлықтармен, түрлі қыншылықтармен қарама - қарсы кездессесің. Осының барлығынан педагогтық абыройына, кір келтірмей шығу үлкен өнерді қажет етеді. Сол себептен білім беру мекемесінде отбасымен жүргізілетін жұмыстарды әдістемелік жағынан орынды ұйымдастырудың маңызы өте зор. Бұл – балабақша ішінде отбасымен жүргізілетін жұмыстарды педагогикалық қағидаларға сәйкес, баланы жан - жақты дамытуға негізделген, бала құқығын сақтауға және корғауға бағдарланған түрде ұйымдастыру. Отбасымен жүргізілетін жұмыстарды әдістемелік жағынан белгілі бір ретпен, жүйелі түрде ұйымдастыру

жүргізілген жұмыстың нәтижесіне әсер етеді. Әсіреле бұл жұмыс «Тәй-тәй» технологиясымен эксперименттік жұмыстарды бастаған уақыттан алға баса бастады. Себебі, «Тәй - тәй» технологиясының басты шарттарының бірі – оку - тәрбие үдерісіне отбасын белсенді араластыру болып табылады. Яғни оның негізінде отбасымен ашық қарым – қатынаста болады. Бүгінгі таңда сол жұмыстар заманың талабына сай, бала мен отбасының қажеттігіне сай өзгертіліп, әр тараптандырылып отырылуда. Балабақша ішінде отбасымен жүргізілетін жұмыс жоспарының мақсаты – отбасымен қарым - қатынастың тиімді, онтайлы түрлері арқылы отбасын балабақша жұмысына белсендіре араластыру, бала тәрбиесіне деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Осыған байланысты жылдық жоспарда мынадай жұмыс түрлері жоспарланады: Ата - аналарды балабақшамен таныстыру; Ата – аналарға арналған ашық есік күндер; Ата - аналарға арналған педагогикалық кеңестер (оку жылында 1 кеңесті арнауга болады); Педагогикалық әңгімелер, жиналыстар (оку жылында 3 - 4 рет); «Дөңгелек үстелдер» (дәстүрден тыс түрде ата - аналармен өзекті тақырыптар төнірегінде әңгімелесу);

Ата - аналарға арналған конференция тақырыптар аналарға арналған «Анам жайлы әңгімелесейікші», әкелерге арналған «Мен үшін ең қымбат жан» т.с.с.; Ата - аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын қамтамасыз ету. Балабақшамен таныстыру жұмысы – жылына 1 рет оку жылының басында жүргізіледі. Бұл жұмыстың негізгі максаты ата - аналарды балалардың білім алу және тәрбиелену ортасымен таныстыру болып табылады. Яғни, отбасын балалар өмір сүріп отырған ортандың материалдық - техникалық базасымен және осы ортандың оку - әдістемелік қамтамасыздану дәрежесімен, педагогикалық ұжыммен, мамандармен таныстыру және осы арқылы олардың оң көзқарастарын қалыптастыру, достық қарым - қатынас құру. Ата - аналарға арналған ашық есік күндер – отбасына баландың белсенділігін, даму деңгейін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар топ ішінде сабактардың үйымдастырылу ерекшеліктерімен де таныстырады. Сондай - ақ балабақшада балалар тек ойын әрекетімен айналысады деген жансақ ойлардан сақтайды. Педагогикалық әңгімелер – отбасына баланды таңертен әкелгенде және кешке алып кеткенде тәрбиешінің ата - анамен әңгімелесуінен бастау алады, тәрбиеші оларға бала тәрбиесіне қатысты бағдар көрсетеді, өз ойын айтып, ата - ана ойын тыңдайды. Бұл әнгімені жалпылай да өткізуге болады. Тақырыптық кеңестер – белгілі бір тақырыпқа байланысты болуы мүмкін. Бұл кеңестерді тәрбиеші, дәрігер, шектеулі мамандар бере алады. Тақырыптар жиі кездесетін сұралктар төнірегінде таңдалады. Жиналыстар – оку жылында бірнеше рет үйымдастырылады. Баландың жетістіктері жайында ата - аналарға ақпараттар беріліп, топтың түрлі мәселелері шешіледі.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшаның атқарылған жұмыстарын, өткізілген ертеңгіліктері, онлайн

турде өткен жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оку тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, электронды түрде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық үйымдастырылған оку қызметтерінін жоспарын, жүргізген жұмыстарын электронды түрде өткізді.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақшада өткен «Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы» атты семинардың теориялық бөлімі «Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясының тиімді қолдану жолдары және ерекшеліктері» тақырыбында жұмыс жүргізілді. «Қарлығаш» тобының тәрбиесі өз баяндамасын оқыды. Онда дәстүрден тыс сурет салудың әрбір жеке түрлеріне тоқталып, оның ерекшелігі мен маңыздылығын атап өтті. Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала өз бетінше кез келген затты әртүрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін, шеберлігін дамытады. Барлық түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Тәрбиешілер өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті. Оку қызметтерінде міндетті түрде қолданатындықтарын атап өтті. Әрбір топтың тәрбиешілері топтарында балалармен дәстүрден тыс сурет салу әдісін пайдалана отырып, шебер сынып үйымдастыру керек. Балаларды сурет салуға қызықтыра отырып ойлау қабілетін дамытуға, балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, баланың кол моторокисын дамыта отырып ойлау қабілетінде дамытуға болады, яғни саусақпен сурет салу, алаканмен сурет салуға болады. Көленке арқылы да сурет салуға, салафан пакет арқылыда сурет салуға болады, осы әдістердің барлығын қолдана отырып, бала жан-жакты дамуына ықпал жасай аламыз.

Шешімі:

1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.
2. Барлық педагогтар балаларға дәстүрден тыс сурет салу әдісін сабак барысында қолдансын. Әрбір топта дәстүрден тыс сурет салу бойынша шебер сынып өтілсін.
3. Мектепке дейінгі мекемеде отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында педагогтарға шебер сынып үйымдастыруды жылдық жоспарларына енгізсін.

Педагогикалық кенес төрайымы : *Г.Батыркулова*
Хатшы : *А.Серикбаева*

«Нұр-Саят» бебекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Откізілген уақыты: 16.03.2021ж

Катысқандар саны – 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оку қызметтеріне енгізу.
3. Денсаулық саласы бойынша ашық оку қызметтерінің қорытындысы.
4. Сауықтыру шараларының жоспарлануы мен үйымдастырылуы.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшамыздың менгерушісі Г.Батыркулова педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шакырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді..

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз алғып, балалакшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дene тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дene жаттығулары, табиғаттың сауықтыруши күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар колданылуы туралы, дene жаттығуы- дene тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнағы ірікте алған, әдістемелік дұрыс үйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айттып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жакты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, түрлерімен таныстыруды.

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дene мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қымыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті.Дені сау, рухы таза ұрпак өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді колдану арқылы жүргізіледі деп сөзін аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші Б.Сарсенбаева балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айттып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер Н.Умирбекова балабақшага таңертенгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Танғы жаттығу, қымылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткіzetіндігіміз туралы айттып, дene шынықтыру оку қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпак өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы

басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті.

ТЫНДАЛДЫ: Менгеруші Г.Батыркулова сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, денсаулық білім саласының «Тепе теңдікті сақта» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына, денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айттып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабактарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабакқа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойна түйетіндігін айта өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Н.Умирбекова ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп түрғандығын айта кетті.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі Ж.Қиятаева «Балабақшада сауықтыру шараларының ұйымдастырылуы» атты баяндамасын оқыды. Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дene тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашак азаматтың денсаулығы мықты, мұсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Сондықтан да бұлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширак, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. «Денсаулық» білім беру саласы: дene шынықтыру, қауіпсіз мінездік үрпақтары – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дene дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар: таза ауада дene шынықтыру, ертенгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, серуен, серуендердегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, үйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуralары, -дей келе күн режимін қалай ұйымдастыру керек, Ертеннгілік жаттығуларын, серуен, қимылды ойын жаттығуларын жыл мезгілдерінде қандай жаттығулар, қандай ойындар ұйымдастыру керектігі жөнінде түсіндіріп өтті. Баланың дұрыс тамақтануы да-денсаулық кепілі екенін айттып өтті. «Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дени сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дени сау, шыныққан бұлдіршіндер тәрбиелей берейік, -деп аяқтады.

ШЕШІМ:

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылыш өтілген кенестерді әрбір оку қызметінде қолданылуы талаң етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын үйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық оку қызметіне қатысуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төраймы :

Хатшы :

Жасын
Алесей

Г.Батыркулова

А.Серикбаева

«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

№5 педагогикалық кенес хаттамасы

Откізілген уақыты: 20.05.2021ж

Катысқандар саны–10

KҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау.
2. Қорытынды мониторинг.
3. Оқу процесінің жылдық қорытындысы.
4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру .

ТЫНДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова №4 педагогикалық кеңестің шешімін талқылады . Бала деңсаулығының нығаюына арналған іс-шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді. Және жас мамандардың ашық оқу қызметіне үнемі қатысып, өз тәжірибелерін кеңейтіп жатқандығы туралы сөз қозғалды.

ТЫНДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Ұлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамының З деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Ұлгілік бағдарлама мазмұнын менгеру деңгейін анықтады. Нәтижесінде оқу жылдының сонында . балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші топтарда мынадай пайызды көрсетті. Деңсаулық саласы бойынша II деңгей 65 % , ал III деңгей 35% болғанын айтЫП, Қатынас білім беру саласы бойынша II деңгей 61 % , ал III деңгей 39%, Танымдық дағдылар II деңгей 59 % , ал III деңгей 41%, әлеуметтік дағдылар II деңгей 65 % , ал III деңгей 35%, Шығармашылық дағдылар II деңгей 53% , ал III деңгей 47% пайызды көрсетті. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жақсы деңгейде екенін, тек тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының онтайлы екендігі байқалады. Бұдан үйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы екі топ. Талдау нәтижесі төмендегідей:

Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен сөйлеуді дамыту жұмыстарын жиңіншілдеп, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығызынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскер Н.Умирбекова басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

ТҮНДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова - балабақша мейірбикесі С.Садыбекова жеке жеке топтағы әрбір баланың денсаулығының нығаюы мен дағдыларының қалыптасуына әсер ету мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін тапсырды.

Педагогтар жыл бойына атқарған жұмыстарын, яғни жылдық есептерін балалардың білімін бағалау бойынша есептерін тапсырды. Жыл сонына келіп балалар нені үйренді қандай білім алды, деген сұраптарға жауап болды. Әрбір педагог жыл сонында балалардың алған білімдері қорытынды мониторингте жақсы нәтиже бергенін айтып өтті. Балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз сөйлеп, «Балдәурен» және «Нұршуақ» ересек топтарының тәрбиешілері жыл сонына келіп тәрбиеленушілерді, яғни мектепке шығатын балаларды балабақшамен қоштасу кешіне дайындалу керектігі туралы айтты. Әрбір бүлдіршін үшін өмірінде балабақша ерекше орын алатындықтан қоштасу кешінде ерекше көңіл-күй сыйлас, дайындық жұмысын соған жараса жүргізу керектігін айта отырып, би билеу, ән айту барысында тәрбиешілерге көмек қолын созып, бүлдіршіндерге би билеуді, ән, тақпакты қалай айту керектігін үйретуі туралы айттып өтті. Балабақшамен қоштасу кешінде «Нұршуақ» және «Балдәурен» ересек тобының балалары вальска түсті, рокн-ролл биіне, ұлттық биін биледі, ертенгілік аяғында әрбір тәрбие берген педагогтарға, балабақшага деген өз ризашылықтарын білдірдірді, ертенгілік сонында тәрбиешілерімен бірлесе отырып флеш-моб биледі. Ата-аналар қатысып, тәрбиешілеріне алғыстарын білдірді.

ТҮНДАЛДЫ: Менгеруші Г.Батыркулова сөз алып, жаз мезгілінің жоспарымен таныстырып өтті.

Тиісті ұлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қауалысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

- 1) қыркүйектен 31 мамырға дейін – Ұлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;
- 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
- 3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
- 4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады. 2020-2021 оку жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады. 2020-2021 оку жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып, менгеруші Г.Батыркулова бекітті. Жоспар бойынша аптаның 4 күні

жазғы кестеге сәйкес женілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дene-сауықтыру жұмысы (спортық және кимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музикалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамақтануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен карым-катаинас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Келесі сөз кезегінде тағы да балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөзін жалғастырып, сөзінде әрбір тәрбиеші жазғы сауықтыру кезіндегі жоспарда жаздың ыстық ауа райына қарай ыңғайластырып ойын-сауық ойындарын ұйымдастыру, барынша балаларды қызықтыратын ертегілерді сахналастыру туралы айтып өтті. 1-маусым «Балаларды қорғау күні»не орай балабақшамызда «Бақытты балалық шақ» апталығы жоспарланды. «Экология апталығы», «Салауатты өмір салты апталығы», «Ұлттық ойындар апталығы», «Спорттық ойындар апталығы», «Жолда жүруережесі апталығы», «Ойыншықтар апталығы», «Ән-күй апталығы», «Театр апталығы» және т.б мереклік іс-шаралардың өтілу күндерімен таныстырып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Балабақша мейірбикесі С.садыбекова - Балабақшамызда ауа райына қарай, яғни ыстық болғандықтан бассейн қойылып бұлдіршіндердің суға тұсу режимі бекітілді. Әрбір топ кезекпен суға түскендіктен, суды тез-тез ауыстырып тұруды айтып өтті. Жазғы сауықтыру іс-шараларымен таныстырып өтті.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру –шынықтыру іс шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын. Топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспар жұмысын бекітілсін.
2. Ересек топтар «Нұршуақ» және «Балдәурен» топ тәрбиешілері «Біз мектепке барамыз» атты ертеңгілікке дайындалсын.
3. Педагогтардың жылдық есептері қабылдансын.

Педагогикалық кенес төрайымы:

Хатшы

*Мәсүд
Асеребай*

Г.Батыркулова

А.Серикбаева

:



Бекітемін:

ЖШС «Нұр-Саят»

Б/б менгеруші:

Г.Батыркулова

"Нұр-Саят" бебекжай-балабақшасы

ЖШС 2021-2022 оқу жылының

педагогикалық кеңестің хаттамалары

«Нұр-Саят» бебекжай балабақшасы педагогикалық кенестің кезекті отырысы

ХАТТАМА №1

Откізілген уақыты: 26.08.2021 ж

Қатысқандар саны: 12

Тақырыбы: «Жанартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу кызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы.
4. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру.
6. Қазан айында өтілетін ашық сабактар
 - 1.«Менің отбасым» ортаңғы топта
 - 2.« Ғажайып сандық» математика негіздері ортаңғы топта

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Г.Батыркулова педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кенестің құрамына білім беру ұйымының

басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып А.Серикбаева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Н.Умирбекова 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отыргандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші А.Серикбаева сайлауды ұйғарды.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Г.Батыркулова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары 7 бөлімнен тұрады.

2021-2022 оқу жылына мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, менгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сактау және денсаулығын нығайту, толыққанды дene бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстаяға үйрету.
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ балабақша әдіскері Н.Умирбекова жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, 5 әдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды.

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 2 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналышы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік құндері жоспарланды.

«Нұр-Саят» бөбекжай-балабақшасы жүзеге асырылатын білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа өнімді технологияларды менгеру, педагогикалық шығармашылықты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында балабақша менгерушісінің бұйрығымен әдістемелік қызметінің құрылымы бекітілді.

МДМ әдістемелік қызметінің жұмысы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес құрылды. Әдістемелік қызметті әдістемелік кеңес басқарды. Әдістемелік кеңеске балабақша әдіскері жетекшілік етеді.

Әдістемелік қызмет құрылымы келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

Семинарлар (практикум, тұрақты-қызмет ететін, теориялық);

Жас тәрбиешінің педагогикалық қонақ бөлмесі;

Озық педагогикалық тәжірибе мектебі;

Әдістемелік қызмет құрылымдарының жұмысын үйлестіру шеңберінде өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Оку жылышында көлемінде 50тырыс өткізіледі. Әдістемелік қызметтің жұмысы педагогикалық кеңеспен өзара байланысты.

Педагогикалық кеңестерді сапалы өткізу үшін әдістемелік қызмет жоғары нәтижеге бағытталған мақсатты жұмыстарды жүзеге асырады.

2021-2022 оку жылышын жылдық жоспарын бөбекжай менгеруші, әдіскері, психологі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Н. Умирбекова жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, үйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Балабақша тәрбиешісі А. Серикбаева жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2021-2022 оку жылышын жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

ТҮНДАЛДЫ: Әдіскер Н. Умирбекова 2021-2022 оку жылышында құралған үйымдастырылған қызметінің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусым күні бекітілген №391 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген сағат саны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бес білім беру саласы бойынша оку қызметіне құралған әр топтың перспективтік жоспарымен таныстырып өтті. Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытуши ортаға қойылатын талаптармен таныстырып өтті. Енді осы бес білім беру саласы бойынша жылыша 3 рет бірінші және екінші жарты жылдық бойынша балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген, 2021 жылдың 09 шілдедегі №59 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 3 кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері такырыптық жоспарымен таныстырып өтті.

Мектепке дейінгі тәrbие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортаңғы топтан бастап вариативті компонент енгізіледі. Алталақ вариативтік компоненттің жалпы көлемі:

- ортаңғы топтың балалары үшін – 1 сағат;
- ересек топтың балалары үшін – 2 сағат;
- мад топтың балалары үшін – 3 сағатты құрайды.

Вариативті компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, мен мүмкіндіктері, қажеттіліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі үйымның бағыты ескерілуі қажет. Вариативті компонент мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқу жүктемесінің шекті деңгейінен асырылмай үйымдастырылады. Біздің бөбекжайда ересек «Нұршуақ» және «Балдәурен» тобына «Зерттеу-іздестіру ойындары» 1 сағат, «Ертегілер елінде» 1 сағатты құрайды, ал «Балауса», ортаңғы тобында күннің екінші жартысында «Көнілді бояулар» 1 сағат вариативтік компонент жүргізіледі. Вариативтік компонент бағдарламалары жасалынып, бекітілді. Тәрбиешілер циклограманы толтырғанда вариативтік компонентті көрсетесіздер.

Бөбекжайдың даму стратегиясы негізінде «Тәлімгер», «Шынықсын денеміз», «Жас ата-аналар мектебі», «Отбасы-алтын ұя» шығармашылық жобалары дайындалған. Осы жобалар өз жұмыстарын әрі қарай жандандыру қажет.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік атtestаттау өткізілетіндігін айтып өтті. Сол себепті өзіндік атtestаттау өткізу үшін атtestаттау комиссиясының құрамын сайлауға шақырды. Атtestаттау комиссиясының құрамына атtestаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, атtestаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі.

Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова педагогтерге біліктілік санаттарын беру қағидаларының жалпы ережелерін, педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібімен таныстырып өтті. Енді осы сұрақ бойынша пікірлерінізді ортаға салсаныздар.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова

2020-2021 оқу жылында қызметкерлермен жүргізілген жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- 3 педагогта біліктілік санаты бар.
- 2 педагог (20%) біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Биыл тәрбиешілерден екінші санатты тәрбиеші Ж.Қиятаева , А.Серикбаева, Н.Таспұлатова-педагог сарапшыға, Д.Мейір, А.Қантөре, педагог модератор санаттарын алуға ұсыныс білдірді.

Атtestаттау комиссиясының төрайымы ретінде Г.Батыркулова, мүшелері ретінде әдіскер Н.Умирбекова, тәрбиеші Ж.Қиятаеваны сайлауды ұсынамын деп корытындылады.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Н.Умирбекова жас мамандар мен оларға бекітілген тәлімгерлер туралы тоқталып өтті. Биылғы оқу жылында бөбекжайда 1 жас маман жұмыс істейді. Бұл маманға 10 жылдық енбек өтілі бар ересек «Нұршуак» тобының тәрбиешісі Н.Таспулатова бекітілді. Тәлімгерлер өздерінің жұмыс жоспарларын жасап, бекіту керек. Жас мамандар өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне кіріп, іс-тәжірибе алмасу және үнемі ізденісте болып, өздерін жан-жақты көрсете білу керек, деді. Яғни тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Ол өз сөзінде:

Откен кеңесте шығармашылық шығармашылық жұмыстарыныңға есеп беру кезінде Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек едім. Іздену, даму, енбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны менгеруге ұмтылып, қызықты етіп, педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді менгеруге, жүргізуге бет бұру керектігін айтқанмын.


Жаңа оқу жылында тандаған шығармашылық тақырыптарыныңға ерінбей материал іздел, жинақтап, жаңа түрғыда байланыстар тауып ендіруді тапсырамын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуге табыс тілеймін деді.

ШЕШІМ:

1. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жауапты Н.Умирбекова. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
3. Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша менгерушісі Г.Батыркулова, мүшелері Н.Умирбекова, Ж.Қиятаева хатшы А.Серикбаева болып сайланысын. Педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
4. Н.Таспулатова тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін. Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Г.Батыркулова

А.Серикбаева

«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА №2

Откізілген уақыты: 18.11.2021 ж

Қатысқандар саны- 12

Тақырыбы: «Ел ертеңі – бүгінгі болашақ үрпақ».

Мақсаты: Балабақшадагы балалардың білім деңгейін көтеру

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшадағы білім беру үрдісінде креативтілікті, сынни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беру жұмыстарын үйымдастыру.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуіндегі негізгі тәсілдері.
5. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің корытындысы. Ересек «Нұршуақ», «Балдәурен» тобы
6. Қараша айында өтілетін ашық үйымдастырылған оку қызметтері
 1. «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» қатынас ересек топта
 2. «Домалайды алмалар» дене шынықтыру ортанғы топта топта.
 3. «Сиқырлы жіп орамдары» дәстүрден тыс сурет салу ересек топта

ТЫНДАЛДЫ: Откен кеңестің шешімдері жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөйлемеді. Балабақшаның жылдық жоспары бекітіліп, жоспарланған жұмыстар атқарылуда. Топтардың перспективалық жоспары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Мектепке дейінгі үйымда педагогтарды қайта даярлау курсарының жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес 2021-2022 оқу жылында 4 педагог біліктілігін арттыру курсарынан өтуге ұсыныс білдірді.

Балабақшада «Жас педагогтар мектебі» атты жас педагогтар үшін үнемі қолданыстағы семинар жұмысы жоспарланды. Тәлімгерлер құжаттаманы рәсімдеуге, сабактарды ұйымдастыру мен өткізуге, жас мамандарға жылдық жоспар іс-шараларын жүзеге асыруға әдістемелік көмек көрсетіп жатыр.

ТЫНДАЛДЫ: Б.б.әдіскері Н.Умирбекова сөз алды. Балабақшадағы білім беру үрдісінде креативтілікті, сынни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту туралы балабақша әдіскері баяндама оқыды. Жаңа Қазақстанда білім беру саласы жаңа жүйе бағытымен әлемдік кеңістікке енуде. Бұл процесс мұғалімдердің тәжірбиесі мен теориясының нәтижесінен білім беру саласында маңызды өзгерістер байқалып жүр. Елбасы жолдауында айтылғандай бұл даму мектепке дейінгі ұйымдарда басталуы қажет. Тәрбие мен білім негізі ең алдымен отбасынан, содан соң балабақшадан басталады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында сапаны жақсартуға көңіл бөлу керек. Ойлау негіздері, шығармашылық қабілеттері бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4 К моделіне: креативтілікті, сынни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істеуге басты назар аударылуда. Енді осы 4 К моделіне тоқталып өтейік деп,-оқып, түсіндіріп өтті. Адам өміріндегі шығармашылық ойлауды дамытудың негізгі кезеңдері қандай? «Бастапқы шығармашылық» кезеңі. Біздің балабақшамызда балалардың шығармашылығын қолдау мақсатында әртүрлі сайыстар өткізіледі, оларға ата-аналар мен балалар белсенді қатысады, онда балалар өз шығармашылық қабілеттерін көрсетуге тырысады. Мысалы: театр көрмесінде балалар ертегі кейіпкерлерін өздері түрлі аксессуарлармен толықтырады, өздері ертегі құрастырады. Балаларда сынни ойлауды дамытуға арналған төрт қарапайым нәрсе бар.

1. Баланың сұрақтарына бірден жауап беруден аулақ болыныз.
2. Қателіктер -бұл қызық.
3. Сұрақтар қойып әнгімелесуді қолданыңыз.
4. Тиісті үстел үсті ойындарын ойнаңыз.

Командада жұмыс істеу қабілеті мен байланысқа бейімділік жөнінде айта өтті

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі А.Серикбаева үшінші мәселе бойынша баяндама оқыды. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру». Бұғынгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешу — бұғынде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндет. Бұл орайда педагогикалық

мәселелер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан жас үрпақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны көздің қарашығындай сактау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы мақсатты түрде ең алғаш рет ғылыми мағлұмат алады. Міне, сондықтан балабакшадан бастап балаларға экологиялық тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Табиғатты қорғау жұмыстарын жақсарту мақсатында экологиялық бағдарламаны әрі қарай жетілдіру көзделуде. Қазақстан Республикасының «Коршаған ортаны қорғау туралы» Заны, «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін сақтау концепциясы», «Экологиялық білім бағдарламасы» шықты. Балабакшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты — табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Жұмыс барысында балалардың дамуындағы жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балабақша тәрбиешілері алдына мына міндеттер қойылды:

табиғат құбылыстарының маусымдық өзгерістерін бақылату;

көркем шығармаларды талдау, халық ауыз әдебиетін қолдана білу;

проблемалық жағдаяттар туғызу, оларды тәжірибе жүргізу арқылы өздеріне қорытынды жасай білуге дағдыландыру.

Коршаған ортамен таныстыру бағытындағы экологиялық тәрбие беру жұмысы еңбек тәрбиесімен байланыстыра жүргізілді. Мысалы, өсімдіктерге су құйып, жапырағындағы шаңын сұрту, құстарға жем шашып, торларды тазалау балаларды еңбекке машықтандыруға көмектеседі. Күнделікті табиғат бұрышындағы еңбек түрлерін бақылауы еңбектің жеңіл түрлерімен айналысуы табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырыды, өсімдікті жұлмау, құстарды қорғау сияқты жағымды іс-әрекеттерге баулып, оларға деген аялы сезімдерін дамытты. Халық педагогикасындағы «Құстардың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба», «Ақкуды атпа», «Жалғыз ағашты кеспе», «Суға түкірме» деген сөздер балаларды шынайы болмыс сырын түсініп-түйсінуге, өсіп-өнген және тіршілік етер қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға, тіршілікке қастандық жасамауға баулиды.

Баланың қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан алатын білімі, менгеретін дағдысы экологиялық тәрбие берудің алғашқы негізі болмақ. Тәрбиеші мақсат қоя үйимдастырылған оқу қызметтері (оыйн, топсаяхат, бақылау, серуен т.б.) арқылы мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған орта жайында алғашқы мағлұматтар алып, айналасындағыны байқап, қызығушылықпен қарап, оны әңгімелеп айтып беруге талпынады.

Балабақшадағы серуен күн тәртібінің бір бөлігі болып табылады. Ол негізгі бес бөлімнен тұрады: бақылау, жеке жұмыс, қымылды ойын, табиғаттағы енбек және дербес (еркін) ойындар. Бес бөлім бірін-бірі толықтырады. Серуен арқылы балаға айнала қоршаған орта туралы толық мағлұмат беруге болады. Бала ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топыракты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып, білімін жетілдіреді, өзі үшін жаңалық ашады.

ТЫНДАЛДЫ: Тәртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Умирбекова сейледі. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың біліктегі мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуңдің негізгі тәсілдерімен таныстырып өтті.

Стандартқа, үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соң, мектеп жасына дейінгі балалардың біліктегі мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуңдің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізілді.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобынан басталады. Басқа топтар үшін Бастанқы бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері II жартышылдық болып табылады. Педагог баланың біліктегі мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парагына енгізеді.

Аралық бақылау I жартышылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктегі мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды.

Корытынды бақылау II жартышылдық соында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктегі мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдіскер бақылау парагын қалай толтырады, жиынтық есеп қалай жасалады және баланың жеке даму картасы қалай толтырылатыны жөнінде қосымшадағы көрсетілген үлгілер бойынша үйретті. Даму деңгейлерін есептеу әдістемелігімен таныстырды.

ТЫНДАЛДЫ: Соңғы мәселе бойынша балабақша Менгерушісі

Г.Батыркулова сез алды.

Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексеруді қорытындысы.

Ересектер «Нұршуақ», «Балдәурен» тобы. Тәрбиелеу мен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі мынадай:

ортаңғы топ балалары үшін – 1 сағатты;

ересек топ балалары үшін – 2 сағатты құрайды.

Енді осы топтарда вариативтік компоненттердің жүргізілуіне тексеру жүргізілді. Вариатив компоненттер оқу қызметтерінің кестесіне енген, күннің екінші жартысында өткізіліп жатыр. Логикалық ойындар арқылы,

шығармашылық тапсырмалар беру арқылы, заттық дамытушы ортада сюжетті-ролді ойындар арқылы жүргізіліп жатыр. Эр вариатив компонентке арнайы жоспар құрылып, дәптерлері арналған, «Нұршуак» ересек тобында бірінші бетінде тақырыптың мақсаты жазылмаған, ескертулер берілді және ұқыпты жазу керектігі айтылды. «Балдәурен» ересек топ тәрбиешілері вариатив жоспарын талапқа сай жазады. Апта сайын тексеріліп, әдіскер қол қойып отырады. Қорыта келгенде журналдарын тексеру қорытындысына қанағаттандырлық деген баға берілді.

ТҮНДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова қазан айында өтетін ашық ұйымдастырылатын оқу қызметтерінің уақытын айтып өтті. Ересек «Нұршуак» тобында күні Таным білім саласынан, математика негіздерінен «Ғажайып сандық» аты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші Н.Таспулатова өтеді. Ересек топ тәрбиешісі Н. Таспулатова «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтеді.

Шешім:

1. Бес білім беру салаларында 4 К моделі жүзеге асырылсын.
2. Қоршаған ортага деген жауапкершілік серуенде, бақылауда қалыптастырылсын. Серуен, бақылаудың картотекалары толықтырылсын.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктіктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейінің бастапқы бақылау қорытындысы нәтижесінде балалардың жеке даму картасында түзету шаралары жүргізілсін.
4. Вариативтік компоненте әр тақырыпқа сай дидактикалық ойындар пайдалану және балалармен жеке жұмыс жүргізілсін.
5. Жалпы алғанда жоғарыдағы көрсетілген педагогикалық кеңестің шешімі үнемі қадағаланып, орындалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшы :  А.Серикбаева

**«Нұр-Саят» бебекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы**

ХАТТАМА №3

Откізілген уақыты:05.01.2022ж

Катысқандар саны- 12

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.
4. «Шығармашылық» білім саласы бойынша балалардың сурет салу дағдыларының сапасы (ересек топтары)
Тақырыптық тексерудің қорытындысы «Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану”
5. Баяндама: «Жаңартылған бағдарламының мектепке дейінгі мекемелердегі орны»

ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова откен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Барлық топтарда серуенде және бақылаудың картотекалары тақырыпқа сай жасалып, толықтырылды және циклограммаларына енгізілді. Балалардың бастапқы бақылау қорытындысы нәтижесінде балалардың жеке даму картасында түзету шаралары жүргізілді.Вариативті компонентте дамыту ойындары картотекалары жасалды

ТЫҢДАЛДЫ:Бебекжай әдіскері Л.Мамытова бебекжайдың жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, откізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі карай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық үйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова мекмектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің жалпы ережелері мен модельдің мақсаттары мен міндеттері туралы оқып және күтілетін нәтижелерімен

тәнисстырды. Модель- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы; Модельдің мақсаты-дені сау, дербес, білімге құмар, көпшіл, сынни түрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру, міндеттері-педагогикалық процесті жетілдіру, оқытудың сапасын арттыру, педагогтардың кәсіби өсуін қамтамасыз ету, отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту.

ТЫНДАЛДЫ:Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі, тәлімгер Н.Таспұлатова сөйлемді.

Балабақшада ересек топтарда «Шығармашылық» саласы бойынша оку қызметтеріне, мазмұндық сапасына салыстырмалы тексеру үйымдастырылды.

«Балдәурен» ересек тобында тәрбиеші Д.Мейір «Сиқырлы жіп орамдары» тақырыбында балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану арқылы сурет салу ҮОҚ-ін өткізді. Жоспар ТРИЗ тәсілі бойынша құрылған. Тәрбиеші үлгі әдіс-тәсілін дұрыс көрсетті. Түрлі-түсті тоқыма жіптердерді бояуға батыру арқылы, түрлі бейнелер жасады. Балалар құралжабдықтарды дұрыс пайдаланды және өздерін ұқыпты ұстап, қызығушылығы артып, белсене қатысты.

Ал «Нұшуақ» ересек тобында тәрбиеші Н.Таспұлатова балалардың қалауы бойынша еркін тақырыpta сурет ҮОҚ-ін өткізді. Тәрбиешінің басты міндеті-бейнелеудің әртүріне баланың қызығушылығын қалыптастыру, оған қажет іскерлік пен әдістерді үйрету.

Заман ағымына қарай күнделікті ҮОҚ-де жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. жаңа инновациялық «Idea Paint» (ата-аналар сурет салу) технологиясы бойынша жұмыс жүргізді. Сонымен қатар ең жеңіл және қызықты әдіс-ТРИЗ тәсілі. Әсіреле саусакпен сурет салу, бастырығыш, +9*бұктеу әдістерін балалар жақсы менгерген. «Нұшуақ» тобының тәрбиешісі Н.таспұлатова жаңа инновациялық технология бойынша көп ізденіп, жұмыс жасау керектігі ескеrtlіді. Әсіреле «Idea Paint» технологиясы бойынша балалар қызығушылықпен жұмыс жасайды.

Балалар бейнелеу құралдарын дұрыс пайдалануды, бояу түстерін дұрыс таңдауды менгерген. Арнайы «Idea Paint» технология бүршішіндағы кесте бойынша уақтылы балалармен жұмыс жүргізу керектігі ескеrtlіді.

Корыта келгенде ортаңғы, ересек топтарда «Шығармашылық» саласы бойынша оку қызметінің салыстырмалы тексеру қорытындысына жақсы деген баға беруге болады.

ТЫНДАЛДЫ:Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова Баяндама «Жаңартылған бағдарламаның мектепке дейінгі мекемелердегі орны». Қазіргі өмірдің өзінен туындалап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі үйымдардан басталған орынды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал,

электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы баскалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы обьектілер күрүға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көпtep шығып, қолданыс табуда. Осында күралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс - әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланарад еді. Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан - жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс - әрекеті барысында ертегі кейіпкерлерінің жан - жақты мінез - құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді. Барлық оқу іс - әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады.

Ертегінің өзіндік құрылышы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақта, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі курделене түседі. Бала жағымсыз кейіпкердің жексүрүн әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айт羞ның шеберлігіне тікелей байланысты. Бақшада ертегі оқу, сабакта және сабактан тыс уақыттарда өтіледі. Оқу жұмысы баланың жас ерекшелігіне орай жоспарланадықіші топтарда ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. кіші топтарда оқығанды тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндай мақсат – ертегіні ауызекі әңгімелеге төселдіре отырып оқылғанды шыдамдылықпен тыңдай білуге үртеді.

Ассоциация әдісі – сол тыңдаған ертегі жайлы мәлімет СТО - ның элементтерінің бірі – Венн диаграмманы пайдалану (екі ертегіні салыстыру, ортақ белгісін табу, корытындылау, нақтылау).

Интерактивті тақтаны қолдану:

- Флипчартта «инструменты» батырмасының көмегімен сыйғышпен әр түрлі бағытта мысалыға «Бауырсақ» тың жолын салу, презентацияда жүктелген суреттерді орналастырып, актив қаламның көмегімен бауырсақты жүргізу, балалар бағытты дауыстап айтады; (графикалық диктант түрінде қолданса болады)

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
- 2.Балабақшада дәстүрлі емес сурет салу әдіс тәсілдерін жалғастырып сурет көрмелерін ұйымдастырылсын.
- 3.Жаңартылған бағдарлама,инновациялық білім беру қуралдарымен жабдықталып тәрбиешілер оқу қызметтерінде пайдаланылсын.
- 4.ҰОҚ-ді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырысын.

Педагогикалық кеңес төрайымы  Г.Батыркулова

Хатшы



А.Серикбаева

**«Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы**

ХАТТАМА №4

Мерзімі: 04.03.2022ж

Катысқандар саны: 12

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшада балалардың дene бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу.
3. Грамматикалық дамудың ерекшіліктері; баланың қалыпты жетілуі, тілдік қорларының жетілуі.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.
5. Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі:

1. «Наурыз келді» сөйлеуді дамыту ортаңғы топта
3. «Табиғатқа саяхат » жаратылыстану кіші топта

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Ол өз сезінде откен кеңестің шешімдеріне токталды. Ересек топтардағы оқу қызметінің мазмұнына қарай тиімді технологияларды пайдалану жетістігі туралы тақырыптық тексеру қорытындысына келер болсақ, жақсы қанағаттанарлық деген деңгейде. Бұғінгі білім беру ісінің мақсаты-тек білім, білік дағдыларын менгерту ғана емес, өзін өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, ой-өрісі ақпарат қөздерін өз бетімен қорытып, қолдануға қабілетті, шығармашыл, ой-өрісі кен, жоғары мәдениетті адам тәрбиелеу. Қазіргі таңда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауы мен дамуының заманауи міндеттерін шешуге арналған эстетикалық өнерді оқытудың жаңа амалдарын табуға көп көңіл бөлінеді. Өскелен ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше. Яғни, қоршаған ортандың сұлулығын көріп түсіне білу мәдениетін

тәрбиелеуге, көркем-эстетикалық сезімді, еңбек белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ адамды алға үмтүлуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге әзір болуға, тұлғаның өзін-өзіші гармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді. Сондықтан тек ТРИЗ технологиясымен шектеліп қалмай жаңашыл әдіс тәсілдерді қолдануды, ары қарай ізденуді айтып сөзін қорытындылады.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Н. Умирбекова. Баяндама «Балабақшада дene бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» Жиырма бірінші ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпак қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып табылады. Тәрбие мен білімнің алғашкы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сөттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар өткізуге тиіспіз. Дене шынықтру оку іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Егер өзгермей тіке тұрып жаттығуды жасаса балаларды жалықтырып жіберуімүмкін. Сондықтан әртүрлі жағдайда тұрып, отырып, жатып жасайтын жаттығуларды жоспарлау керек. Жалпы жетілдіруші жаттығуларда жалаушалар, доптар, құрсаулар, кубтар, таяқшалар т.б. пайдаланылады. Таза ауадағы шынықтыру бес бөлікке блінеді жүгіруден, жеке және топталған әдістерден тұрады ерекшекозғалыстардан спорттық ойындар мен эстафетаардан тұратын қимыл қозғалыстың белсенділігімен өткізіледі. Таза ауадағы дene шынықтыру тек денесін шынықтырып ғана қоймайды сондай ақ тәрбиелік мәні бар білімнің үштастыруға септігін тигізеді. Бірін-бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор. Спорттық ойындар арқылы балаларды тәзімділікке, кайратты шымыр болуға баулу қажет. Жаз айларында жалаң аяқ жүргүре, жалпақ табанды болдырму мақсатында ұсақ тастардың, тігілген қақпақшалар, тікенек жаймалар үстімен жүргізу. Тұс мезгілінде топ бөлмесіне кіргенде сумен шынықтыру. Тұсқі ұйқыдан соң құрғақ ысқалау, ылғалды орамалмен ысқалау шынықтыру шараларын ұйымдастыру. Серуен кезінде қимыл қозғалысқа байланысты әртүрлі жаттығу ойындар ойнату. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші ата-аналардың балабақшамен байланысы дұрыс жолға қойылса, спрттық ойындарға ата аналар белсене қатысып, қызығушылық тануын ынтымақтаса жүргізген жұмыс нәтижелі болады. Сонда ғана қазіргі заман талабына сай жан жақты жетілген бойында ұлттық сана мен имандылық әдебі бар, парасатты ұрпак тәрбиелей аламыз.

ТЫНДАЛДЫ:Баяндама.Тәрбиеші Н.Таспұлатова «Грамматикалық дамудың ерекшеліктері баланың қалыпты жетілуі, тілдік корларының жетілуі» тақырыбында баяндама оқыды.

Балабақшада тәрбиеленіп жүрген баланың тілі де, ой - өрісі де үйде жалғыз жүріп өсken баладан анағұрлым жақсы дамиды. Онда баланың тілін жаттықтырып, ой - өрісін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әсіресе, баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызықты тартымды өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік қорын байытады.

Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оку іс - әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуга, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізу – тіл дамытудың негізгі міндеті болып табылады. Балабақшада 5 білім беру саласы бойынша жұмыс жасаймыз. Соның ішінде, «Қатынас» білім беру саласында балалардың елестету, есте сактау, ойлауларын, қызығушылығын дамыту, өз ойын еркін жеткізуін қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынаска түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Қоршаған ортамен, табиғатты бакылап түсіндіріп, әрдайым жаңа сөздермен сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыдағы айтылған мүмкіндітерге сай балалардың сөйлеу қабілетін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

ТЫНДАЛДЫ:Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз алды.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бойынша өтізілген іс-шараларының жетістіктері мен кемшіліктеріне қысқаша тоқталып өтті.

ТЫНДАЛДЫ:Балабақша Н.Умирбекова. Баяндама: «Балабашада ұлттық ойындарды дамыту». Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дene шынықтыру ісінің негізін салды. Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жүмғызып аландығы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшандыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертенгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дene тәрбиесі күні бойғы

тәрбие түрлерімен біртұтас сабактас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дene сергіту, жұмыс сонында ыргақты қимыл – қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Дене тәрбиесі іс - әрекеті мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан тұрады. Ұлттық ойындар дene шынықтыру оку қызметінде кең қолдана отырып, балалардың дene тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;

- жас үрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :балалардың денсаулығын нығайту; дene шынықтыру; мәдениетін қалыптастыру; өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Шешімі:

1. Откен кеңестің шешімдері қанағаттанарлық.

2. Барлық топтарда жас ерекшеліктерін ескере отырып, дene шынықтыру, сауықтыру шаралары әдіс тәсілдері қолданылсын.

3. Балабақша топтарында серуенде, дene шынықтыру оку қызметінде, ойындарында, спорттық эстафеталық жарыстарда ұлттық ойындар қолға алынын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Г.Батыркулова

Хатшы

А.Серикбаева

«Нұр-Саят» бебекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА №5

Мерзімі; 16.05.2022ж

Қатысқандар саны: 12

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы сауықтыру жұмысына бекіту.
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерінің оку қызметтеріне енгізу.
4. Тәрбиешілердің жылдық есебі.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі:

1. «Достық біздің туымыз» дene шынықтыру ересек топта
2. «Көктемгі орманда сауысқанмен ойнау» сенсорика ерте жас тобы

ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды.Өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.Ол топтарда жас ерекшеліктеріне қарай шынықтыру сауықтыру шаралары өткізілуде.Балабақша топтарында ұлттық ойындар дene шынықтыру,серуенде ойын әрекеттерінде қамтылғанын айтып қанағаттанарлық деп баға берді.

ТЫҢДАЛДЫ:балабақша әдіскері Л.Мамытова сөз алды.Ол сөзінде әрбір тәрбиеші жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспар жұмысын бекітулері керектігі туралы айтты. Жаздың ыстық ауа райына қарай ынғайластырып ойын-сауық ойындарын ұйымдастыру, барынша балаларды қызықтыратын ертегілерді сахналастыру туралы айттып өтті. 1-маусым «Балаларды қорғау күні»не орай балабақшамызда бүлдіршіндерді ерекше күтіп алып, яғни шарлармен ертегі кейіпкерлерінің образында күтіп алу керектігін айтты. Балалар мәз болып мерекелік көніл- күймен кіріп келуін, кейін сайқымазақ кейіпінде киінген екі тәрбиешіміз 2 топтың балаларымен бірлесе отырып спорттық сайыс өткізуді, әрбір бүлдіршін тобы үшін бар күштерін жинап тобымен бірге женіске жетуге тырыстатынын айтты.Балабақшамызда ауа райына қарай, яғни ыстық болғандықтан бассейнге су құйып бүлдіршіндерді

топ тобымен суға түсіруді ұсынды. Әрбір топ кезекпен суға түскендіктен, суды тез-тез ауыстырып тұруды айтып өтті.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі Ж.Қиятаева.Баяндама.Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оку қызметтеріне енгізу. Мектепке дейінгі үйымында колданылатын денсаулық сақтау технологиялардың тиімділігі. Жұмыстың мақсаты - мектепке дейінгі үйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын үйимдастыру мен бала денсаулығын шындаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Міндеттер:

- мектепке дейінгі үйымда денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктерін денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі үйымда денсаулық сақтау технологиясын әдістемесін пайдалану. Педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін құру керек. Мысалы, жалаң аяқ жұру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ үйимдастырган өте ұтымды болады.Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:Тыныс алу жаттығулары.Жалпақтабандылықтың алдын алу жаттығулары. Сымбатты түзету жаттығулары.Созылу(стретчинг) жаттығалары. Йога жаттығулары. Көзге арналған жаттығулар. Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жұру өте тиімді. Сонымен қатар дene тәрбие сабактарында дәстүрден тыс құрал - жабдықтарды қолданған жөн.Сондықтан да мектепке дейінгі үйымда денсаулық сақтау іс - шаралары кешенді де жүйелі жүргізілуі қажет.Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсаты Мектепке дейінгі балалардың қимыл - әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын сүйққа төзімді болуға жаттықтыру.Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби - шеберліктерін өрлету және де ата - аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді үйимдастыру.

Бұл іс - шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады.Шынықтырудың негізгі міндеттері.Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш - қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл әрекеті үйлесімді үйимдастырылады.Баламен шынықтыру шараларын

ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек: Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша педагогтары жыл бойына атқарған жұмыстарын, яғни жылдық есептерін балалардың білімін бағалау бойынша есептерін тапсырды. Жыл соңына келіп балалар нені үйренді қандай білім алды, деген сұрақтарға жауап болды. Эрбір педагог жыл соңында балалардың қай бірінің деңгейі жоғары қай бірінің деңгейінің орта екені туралы айттып өтті. «Нұршуак», «Балдәурен» тобының тәрбиешілері топтағы балаларының деңгейлері жақсы болып, үйренгендегі көп екендігі байқалды. Балаларының біліміне тоқталып біраз балалар мектеп жасына жеткен болғандықтан сабакқа белсене қатысады, басқа балаларда сол балалардан үйрене отырып белсене қатысуға тырысады, әрі қызыға қатысатын балаларды, ертегі сахналастырғанды ұнататын, сурет бояуды, немесе белгілі бір заттың бейнесін жапыстыруға ертегі кейіпкерлерін сомдауға қызығатындықтары жайлы айтты. «Балбебек» ортаңғы тобының тәрбиешісі балалардың білім деңгейіне тоқталып, әрбір баланың қызығушылықтарына қарай баға беріп өтті. Балалар көбірек сурет салу және бояуға, ертегі тыңдағанды талқылағанды кейіпкерлерді сомдауға қызығатындықтары жайлы айтты. «Жұлдыз», «Шагала» кіші тобының тәрбиешілері өз тобының балаларының білім деңгейлері туралы айттып, сабакқа деген қызығушылықтары туралы жеке тоқталып айтты.

Шешімі :

1. «Нұршуак», «Балдәурен» топтары «Қош бол, балабақшам» атты ертеңгілікке дайындалсын.
2. Топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспар жұмысын бекітсін.
3. Педагогтардың жылдық есептері қабылдансын.

Жиналыс тәрайымы: *Сабыр* Г.Батыркулова
Хатшы: *Асерхан* А.Серикбаева